



1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 11 ҚАҢТАР, 2024 ЖЫЛ №4 (23 326)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

РЕСМИ

## Өңір дамуында іркіліс жоқ

Отандық өнеркәсіптің ірі орталықтарының бірі Қарағанды облысы осы жолдан әлі де таймай келеді. Мәселен, былтырғы 11 айдағы өнеркәсіп өнімінің көлемі – 3,1 триллион тенге. Одан бөлек, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды рөл атқаратын шағын және орта бизнес те кенінен қанат жайып, тұрғындарды жұмыспен белсенді қамтуда. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың есебінде айтылған деректер.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ермағанбет Қабулаулы облыстың 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы есеп берді. Аймақ басшысының айтуынша, өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі артып қана қоймай, негізгі капиталға салынған инвестиция 727 млрд. тенгеге жеткен. Яғни, өткен жылмен салыстырар болсақ, көрсеткіш 16,3 пайызға жоғары.

Облыс әкімінің айтуынша, өңдеу өнеркәсібі салаларында, атап айтқанда, машина жасау ісінде – 45 пайыз, жеңіл өнеркәсіпте – 23,9 пайыз, фармацевтикада – 20 пайыз өсімге қол жеткен. Одан бөлек, қағаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы мен қара металлургия да қалыс қалып келе жатқан жоқ. Ермағанбет Қабулаулы бұл салаларда да өсім байқалатынын айтады.

Қабылдау барысында Ермағанбет Бөлекпаев аймақ экономикасындағы алар орны ерекше шағын және орта бизнеске ерекше тоқталды. Ірі бизнеске қарағанда нарыққа тез бейімделетін, өзгермелі жағдайларға икемді бұл сала бәсекелестікті дамытуда, тауар мен қызмет сұранысын қанағаттандыруда, жұмыссыздықты жеңеуде маңызды.

Бүгінде облыста шағын және орта бизнес саласында 100 мыңнан астам компания қызмет етеді. Одан бөлек, бұл бағыт



та өңірдегі белсенді халықтың 45 пайызы жұмыс істейді.

Аймақ басшысы кәсіпкерлер үшін бөлшек салықтың мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілгенін атады. Ал, биыл жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін 19 пайыздан 25 пайызға арттыру жоспарда.

Бүгінде облыста экономиканың барлық саласында 25 мыңнан астам жұмыс орны ашылған. Нәтижесінде, жұмыссыздық – 4,1 пайызға, кедейлік – 2,7 пайызға

төмендеген. Ал, халықтың нақты табысы 4,7 пайызға артқан.

Қабылдау барысында жылыту маусымы да назардан тыс қалған жоқ. Одан бөлек, Qatmet кәсіпорнындағы қазіргі жағдай да баяндалды. Атап айтқанда, Ермағанбет Қабулаулы Мемлекет басшысына жаңа инвестордың өндірісті тұрақтандыру және оның көлемін арттыру бағытында қабылданып жатқан шараларды мәлімдеді. Өндірісті жаңғырту мен компания жұмысшыларының еңбек

қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары да айтылды.

Облыс әкімі әлеуметтік салаға да тоқталды. Атап айтқанда, ауылдық жерлерде 92 денсаулық сақтау нысанының құрылысы, екі ауданаралық аурухананы жаңғырту жұмыстары басталған. Биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында өңірде 7100 орындық 10

мектеп пайдалануға берілетіні тағы бар.

Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік саланың жай-күйі, «Ауыл – ел бесігі» және «Ауыл аманаты» жобаларының іске асырылуы туралы да баяндады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облысты одан әрі дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Qatmet компаниясына қарасты нысандардағы жағдайды ерекше бақылауға алу қажет екенін ерекше атады.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## Қоғамдық көлік жаңарды

Биыл аймақтағы автопарктерде 80%-ға жуық қоғамдық көлік жаңартылып, 195 жаңа автобус сатып алынды. Бұрын күніне 2-3 рет қатынайтын бағытқа тұрақты тасымал жолға қойылды. Осы арқылы өңірімізде қозғалыс жүйесі қалыптасты.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа автобустар – жергілікті зауыттың өнімі. Мұнда ақылды камералар, жылдамдықты шектейтін датчик және мүгедектерге арналған көтергіштер бар.

«Шағымым жоқ, бәрі дұрыс, өзім автобустың жүремі. Бұрынғыдай ескі емес қазір жаңа, ыңғайлы. Уақытымен келеді, уақытымен жүреді», – дейді тұрғындар. Жолаушылар тасымалдайтын маршруттар үшінші жыл қатарынан жаңарып келеді.

«Мысалы, Күнгеі ықшамауданында 2 бірдей маршрут ашылды. Сол бағытта 3 автобус жүр. Бұрынғы ескі автобустарға қарағанда әлдеқайда ыңғайлы. Енді уақытын кешкі сағат 9-10-ға дейін ұзартса деген тілек бар», – деп атап өтті облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі Марат Түсіпов.

Қарағандыда күніне 200 мыңнан астам адам қоғамдық көлікпен қатынайды. Мұны ONAY! жүйесі енгізілгені байқауға болады. Бүгінде жолаушылардың 95 пайызы жол ақысын электронды түрде төлейді.

МӘСЕЛЕ

## Дайын үй неге дауға қалды?

Бұдан біраз бұрын, атап айтқанда, өткен жылы Қарағандыда құрылыс қарқын алды деп, бәрімізді аспанға атқан едік. Шынында да, салынып жатқан құрылыс халықты баспанамен қамту сұранысын толық жаппаса да, кейінгі жылдары тұрғын үй салу бірнеше есе өсті. Бұған біз айтпасақ та, қазбасақ та, облыс орталығында бой көтерген түрлі үй құрылыстарының өзі куә еді. Бірақ, солай бола тұра, айдың күнін аманда 298 пәтер несі далада қалмақшы. Себебі, ішпей-жемей, «түн ұйықтамай, күндіз отырмай» арқа еті арша болып жинаған қаражатына алған пәтерлері облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен рұқсат етілмеген құрылыс ретінде танылды. Нақтыласақ, қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі «Хан» және «Al-Farabi» тұрғын үй кешендерін құрылыс салушы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, 30 жұмыс күнінде өз қаражаты есебінен сүруі тиіс.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, құрылысы бітіп, дайын тұрған үйлерді сүру мәселесі кеше ғана басталған жоқ-тың. Былтыр облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сержан Аймақов бой көтерген үйлердің бұзылуы мүмкін екенін айтып, ескерткен болатын. Бұл жердегі негізгі проблема – сараптама қорытындысының жоқтығы. Одан бөлек, жарнама арқылы үлескерлерді тартқан компанияларға әкімшілік сипаттағы жаза қолданған.

Сол кезде басқарма басшысы құрылысты тоқтата тұру туралы сот шешімі шықса да, жұмыстарын жүргізіп жатқан компаниялар бар екенін айтқан болатын. Қатарында бүгінде құрылысы дайын тұрған «Хан» және «Al-Farabi» тұрғын үй кешендері бар екені әуелден белгілі болған. Сот шешіміне бейжай қарап, қой десе де, қоймаған компанияның әрекетінен сан-саққа түскен тұрғындар бүгінде құзырлы органдарға жүгініп, проблемаларын шешіп беруді өтінуде. Не үйі, не күйі жоқ олардың тағдыры енді қалай болатыны беймәлім.

Жалпы, соттың шешімі облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы жүргізген тексеріс нәтижесіне байланысты.

– Тексеру барысында «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік реттеу» туралы Заңға сәйкес, тұрғын үй кешендері бекітілген жобалау құжаттамасынсыз, оларды жүзеге асыруға мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына құрылысты бастау туралы хабарламасынсыз, жобаны сараптаусыз, техникалық және сәулеттік қадағалаусыз



құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатқаны анықталды. Сондай-ақ, пәтерлерді сатып алу-сату бойынша алдын ала жасалған келісімдер бойынша 250 үлескерден қаражат тартқан, бірақ олар жергілікті атқарушы органдардан қаражат тартуға рұқсат алмағаны анықталды,

– дейді облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының баспасөз қызметі.

Соңғы ақшаларын салып, пәтер алған «Al-Farabi» тұрғын үй кешенінің тұрғындары биліктің қолдауынан үмітті.

Пәтер алмақ түгілі, жөндеу жұмысын

жасап, кіріп алған қарағандылық Сәуле Әбілова соттың шешімін өзгертіп, тыныш өмір сүруге рұқсат беруді талап етеміз дейді. Айтуынша, үйін кеңейтпек ниетпен, ескі пәтерін сатып, үй құрылысына 14 млн. тенге салған. Бұл – пәтер құнының 50 пайызы. Одан бөлек, жөндеу жұмыстары үшін банктен несиесі алған.

– Сот шешімін негізсіз әрі әділетсіз деп санаймыз. Барлық инстанцияларға жүгінуге ниеттіміз. Сот үйді бұзып, қоныстанған адамдарды қыстың көзі қырауда

– Осы үйлер салына бастағанда тұрғын үй кешенінің құрылысы үш рет тоқтатылды. Әйткенмен, бұл шешім орындалмай, құрылыс компаниясы жаңа қабаттарды тұрғызып үлгерді. Біз заң аясында ғана әрекет етеміз. Құрылысты тоқтату үшін осы жерге келіп, жатып ала аламыз. Тұрғындар ақша салмас бұрын, алдымен, облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына, әкімдікке қоңырау шалып, құрылыс салушы туралы, құжаттардың бар-жоғы туралы білу қажет. Облыста үлескерлердің қаражатын тартуға құқығы бар бірде-бір құрылыс салушы жоқ, – дейді Қайрат Қамзин.

Ал, «Al-Farabi» тұрғын үй кешенін салушы компания «Building SK» ЖШС үлескерлер алдындағы міндеттемелерді орындау үшін тұрғын үй кешенінің құрылысын жалғастырығанын айтып отыр.

– Рұқсат құжаттарын алып үлгереміз деп ойладық. Құрылыстың сапасына сенімдімін. Техникалық сараптамаларды аккредиттелген компаниялар жүргізді. Үй сапалы салынған. Сот шешімі өте күтпеген жағдай болды. Жауапкершіліктен қашпаймыз, міндеттемелерді орындаймыз. Алдағы уақытта біз сот шешіміне шағымданамыз, қала басшылығы жәрдемдесуге дайын, – дейді компания өкілі Аблайхан Әмірбеков.

Үлескерлермен Парламент Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов пен қала әкімі Мейрам Қожухов та кездесті.

– Заң бойынша бірінші инстанциядағы сот шешімі әлі күшіне енген жоқ. Қазір апелляцияға беру үшін талап-арызын дайындау керек. Осы уақыт аралығында құрылыс салушылармен кездесіп, құжаттарды дайындау қандай сатыда екенін білеміз. Себебі, үй салынып қойды. Мемлекеттік құрылыс сараптамасын тағайындауды талап етеміз. Үй сүрілмейді деп сенейік. Бәрі сараптама дайын болғаннан кейін белгілі болады. Сотта үлескерлердің атынан үйді сүруді кейінге қалдыруды сұрайтын боламыз, – деді қала басшысы.

Ендігі үміт – апелляциялық шағымда. Сот мемлекеттік сараптама тағайындауға келіссе, үй орнында қалады деген сенім бар. Оның үстіне, құрылыс салушының өкілі де үй сапасына кепілдік беріп отыр.



## • БРИФИНГ

# Декларацияның үшінші кезеңі

Дүкенде тек қолма-қол төлеуді талап етсе, қайтпек керек? Журналистердің бұл сұрағына Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің камералдық мониторинг басқармасының басшысы Алданыш Адамбеков жауап берді. Оның айтуынша, кәсіпкерлер тұтынушылардан төлемді кез келген тәсілмен қабылдауға міндетті және сатып алуларға тек қолма-қол ақша төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

Erkanat KENESBEKULY,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Салық заңнамасына бірқатар өзгерістер күшіне енгеннен кейін Қарағанды облысының тұрғындары кәсіпкерлер қолма-қол ақшасыз төлем қабылдауды тоқтатады деп қорқалды. Азаматтар дүкенде тек қолма-қол ақша төлеуді талап етсе, не істеу керектігін және қайда шағымдануға болатынын сұраған еді.

Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңына сәйкес, төлем қабылдаудың түрлі тәсілдері, оның ішінде, банк картасы, QR-код және қолма-қол ақша көзделген. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды қабылдаудан бас тарту тәртіп бұзушылық деп танылады. Сонымен қатар, бұл тұтынушының құқығын да өрескел бұзады. Мұндай фактілер орын алған жағдайда талапкер жергілікті мемлекеттік кіріс органдарына жүгінуі қажет, – деп түсіндірді Алданыш Мейірханұлы.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында кірістер мен мобильді аударымдарды жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңіне арналған брифинг барысында мәлім болды.

Бұл ретте спикер қазақстандықтардың туыстары мен достарына ақша аударуға құқылы екенін атап өтті. Салық органдарының өкілдері қарапайым азаматтардың транзакциялары өзінің қаржылық тұрғы-



Сурет ашық дереккөздерінен алынды

дағы саналы әрекеті әрі құқығы екендігін еске салды. Яғни, жеке тұлғаларға туыстарымен, жақындарымен, достарымен, яки, кез келген тұлғамен төлемдер операциясын жасауға ешбір шектеу жоқ.

Ал, әлдебір кәсіпкердің төлемді қарточкамен қабылдаудан бас тартқаны үшін жаза қарастырылған.

– Кәсіпкердің төлем қарточкасын көре тұрып, кез келген төлемді қабылдаудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Бірінші тіркелген жайт ескертумен шектелсе, әрекет қайталанған жағдайда 147 мың 680 теңге (40 АЕК) көлемінде айыппұл салынады, – деді мемлекеттік кірістер департаменті басшысы-

ның орынбасары Қанат Ахметбеков.

Өз кезегінде салалық департамент өкілдері мобильді аударымдарды тексеру заңсыз кәсіпкерлік қызметтің көлеңкесінен шығуға бағытталғанын атап өтті. Кейбір кәсіпкерлер сатылған тауар

немесе қызмет үшін төлемді мобильді аударымдар арқылы алады. Алайда, бұл аударымдар бақылау-кассалық аппараттар, POS-терминалдар және QR-кодтарды қолданбай жүргізіледі. Тиісінше, чектер қолға берілмейді. Бұл тұтынушылардың құқықтарын бұзады.

Қаңтарға салалық, биыл 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі басталады. Бұл кезеңде «Активтер мен міндеттемелер туралы» (250.00-нысанды) декларацияны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары әрі жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ, олардың жұбайлары ұсынуға міндетті.

## • САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

# Қар құрсауынан құтқарды

Қыс мезгілі қырағылықты талап етеді. Арканың ақтүтек бораны бір тоқтап, қайта көріне мініп, әбігерге салуда. Облыстың автожолдарында төтенше жағдайлар департаменті мен әуеден бақылау күштері 52859 қар құрсауында қалған автомобильдерден 190 адам, оның ішінде, 27 баланы жақын елді мекендерге эвакуациялады.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Бұдан бөлек, қарағандылық джиперлер тобы тағы да қарға батып қалғандардың көліктерін шығаруға көмектескен.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 172 адам жылыту пункттерінде орналастырылып, оларға медициналық көмек ұсынған. Алайда, ол көмек ешкімге қажет болған жоқ. Бәрі дін аман.

«Ақтоғай ауданының Жидебай ауылдық округінде құтқарушылар 1997 және 1973 жылы туған екі адамды іздеді. Олар «Нива» көлігімен мал іздеуге шы-

ғып, қайтып оралмаған. Байланыс болмады. Іздеу тобы бір күннен соң таңертең жоғалған адамдарды Тінәлі қыстағының маңынан тапты. Белгілі болғандай, жоғалғандардың көлігі бұзылып, қыстаққа баратын жолды қар басып қалған. Десе де, олар аман-есен», – деп хабарлайды ТЖД.

Қазір аймақтың автожолдары барлық бағыттарға ашық.

Құтқарушылар тұрғындарға жолдардағы қозғалыстың жабылуы немесе шектелуі туралы ақпаратты қадағалау, ауа

райы нашарлаған жағдайда елді мекендерден тыс жерлерге бармау, жабылған автожолдарда көлік құралдарының кептелісін болдырмау сынды ережелерді ұстануды ұсынады.

Ауа райының өзгеруі және автожолдардың жай-күйі туралы жедел ақпарат «Дармен» мобильді қосымшасында, ТЖД-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында қолжетімді екенін айта кеткен жөн.

Облыстың ТЖД бөлімшелері мұнымен шектелмей, құтқару жұмыстарын жалғастыруда. Олар өткен тәулікте шақырту бойынша 12 рет жолға шыққан. Көмекке мұқтаж 7 адам, оның ішінде, екі бала құтқарылып, 43 адам эвакуацияланды.

Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінде тұрғын үйге бекітілген қазандықтың ағаш конструкциялары өртеніп, өрттің ауданы 20 шаршы метрді құраған. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрттің себебі анықталып жатыр.

Сондай-ақ, Балқаш қаласында құтқарушылар бұғатталып қалған есіктерді ашуға көмектескен. 1947 және 1948 жылы туған әйелдер құтқарылып, қауіпсіз жерге көшірілді.

Ал, Қарағандының Н.Әбдіров даңғылында орналасқан көпқабатты тұрғын үй лифтінің есігін де ТЖД қызметкерлері ашып берді. Одан 5 адам құтқарылған, екеуі – бала.

Абай қаласының құтқарушылары да жылқыны құдықтан шығарып алған.

Өз тілшімізден

## • КЕЗДЕСУ

# «Ғылымға көңіл бөлсеңіз...»

Парламент Мәжілісінің депутаттары Е.Бөкетов университетінің профессорлық-оқытушылар құрамымен кездесті.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашық форматта өткен кездесуде Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов пен Даму комитетінің мүшесі Құдайберген Бексұлтанов жоғары білім мен ғылыми қызметті дамыту жайында сөз қозғады. Сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселеге назар аударды. Профессорлық-оқытушы құрамның сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында депутаттар уни-

верситетінің ғылыми-білім беру орталығының жұмысымен танысты.

Асхат Аймағамбетов Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім және ғылым саласына ерекше назар аударып, оны дамытуға жыл сайын қомақты қаражат бөлетінін атады.

– Біріншіден, заң жобасында тек ғылыми атақ үшін ғана емес, сонымен қатар оқытушылар құрамына да қосымша ақы төлеуге бағытталған норманы енгізу туралы бастама көтердік. Жақын арада осы заң жобасын қабылдауды жоспарлап отырмыз.

Екіншіден, бүгінгі күні Бөкетов университеті өзінің имиджін қалыптасты-



верситет тарапынан бәсекеге қабілетті маман даярлау және ұстаз мәртебесін көтеру жайлы әңгіме өрбітті. Білім сапасын арттыру сынды мәселеге тоқталып, ой бөлісті. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылықты тілге тиек етті. XXI ғасырда құлағымыз ілген, көзіміз шалған ақпарат әсеріне ғана сүйенетін болғандықтан, ақпарат ағыны екшеусіз, өлшеусіз жүріп жатқан кезеңде сананың ашықтығын сақтау маңызды екеніне тоқталды.

Депутаттар биология-география факультетінің аумағындағы заманауи жерасты термос-жылыжайы мен «БИО

рып, еліміздің көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі екенін дәлелдеп келеді. Жоғары оқу орны – ғылым әлеуетін арттыру бойынша кешенді жұмыстарды жүргізуде. Күні кеше термос-жылыжай және дендробақ ашылған екен. Ғылыми технопарк өз құрылысын жалғастыруда. Университет тарапынан жүзеге асырылып жатқан осындай дүниелерге аса назар аударып, басымдық беру керек, – деп атап өтті.

Кездесуде ҚарУ ректоры Нұрлан Дулатбеков депутаттарға Бөкетов университетінің баспасынан жарық көрген жазушы Меләу Сарсекеңнің «Біртуар Бөкетов» кітабын табыс етті.

## • ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# Кейбір көлікке шектеу бар

Елімізде қауіпсіздік стандарттарын сақтау мақсатында оң рульді автотөкілдерді бөлшектеген түрде әкелуге тыйым салынды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, «Жол жүрісі туралы» Заңның 67-бабына сәйкес 2007 жылдан бастап, елімізде оң рульді автомобильдерді заңдастыруға тыйым салынғанға дейін аталған көліктерді заңдастыруға мүмкіндік болған. Алайда, ел азаматтары мұндай көлік құралдарын конструкторлар түрінде әкеліп, заңнама нормаларын айналып өтуде. Осылайша көліктердің қауіпсіздігіне көз жеткізбей, жолға шығады. Ол жол қозғалысына да қауіп төндірді.

Министрліктің мәліметінше, өткен жылы ел аумағына бір реттік 200 мыңдық заңдастыру шеңберінде 240 мыңнан астам көлік заңдастырылды. Оның ішінде, 22 мыңға жуығы конструкторлар, оң рульді көліктер. Бұйрық күшіне енгенге дейін келген машиналар белгіленген заңнама шеңберінде заңдастырылмақ.

Бұйрық 16 қаңтарда күшіне енеді. Тыйым салу шараларын шекара қызметі және мемлекеттік кірістер комитеті іске асырады. Шектеу шаралары заң бұзушылықтардың алдын алуға және жол қозғалысы катысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

## • ӨЗЕКТІ

# Қызылшаның емі – екпе

Облыста қызылшаға қарсы имундаумен 1533 адам қамтылды. Дегенмен, аймақта әлі де эпидемиологиялық жағдай күрделі. 9 қаңтарда қызылша күдігімен 128 жағдай тіркелді.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда қызылша жұқтыру өңірдің барлық аумақтарында байқалауда. Зертханалық көрсеткіштер Қарағанды, Теміртау, Приозерск қаласында, Нұра және Қарқаралы ауданында аурудың дендегенін байқатқан. Аурушандық көбіне екпе алмаған балалар арасында жиі кездесуде. Ауырғандар қатарында 14 жасқа дейінгі балалардың саны басым.

– Инкубациялық кезең аяқталғаннан кейін қызылшамен сырқаттанғандар саны келесі аптадан бастап артуы мүмкін. Өйткені, оқу жылының басынан мектеп оқушылары, мектепке дейінгі және балалар ұйымдары арасында қызылшамен сырқаттану тіркелді. Өткен жылы 33

мыңнан астам бала жоспарлы екпелермен қамтылды. Бүгінгі таңда қызылша 73 мектепке дейінгі ұйымдардағы 163 балдан анықталды. 97 мектепте – 225 оқушы ауырса, 21 колледжде және 4 жоғары оқу орнында 53 студент ауырды, – дейді облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Жақтайқызы.

Департамент басшысының айтуынша, қызылша жұқпалылығы жоғары инфекция болғандықтан, ауа тамшылары арқылы таралып екпе алмағандарға қауіп төндірді. Ұлттық профилактикалық ету күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 12 айлық (вакцинация) және 6 жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі.

Аурудың алғашқы белгілері денені



Сурет ашық дереккөздерінен алынды

әлсіздік басып, қызу көтеріліп, бас ауруынан басталады. Егер денеде бөртпе байқалса, дәрігерге жүгіну керек. Ауру асқынуының алдын алу мақсатында ересектер немесе жасөспірімдердің емханаға келіп, қызылшаға қарсы екпе алуы-

на болады. Ал, қызылшамен ауырған, зертханалық расталған ауру белгісі барларға қызылшаға қарсы вакцина алуға тыйым салынады.

шетелдерге бару жоспарланса, әлемдегі қолайсыз жағдайды ескере отырып, балалардың екпені уақытында алуына жағдай жасаған тиімді.

Қазіргі таңда облыста мерзімде екпе алмаған адамдарды анықтау бойынша шаралар жүруде. Осы орайда облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 6 айдан 10 айға дейінгі және 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарын, қызылшаға қарсы екпе алу үшін тұрғылықты жері бойынша емханаға уақытылы жүгінуге шақырады. Сондай-ақ, қызылша, қызамық және паротитке қарсы жоспарлы имундау аясында 1 және 6 жастағы балаларға уақытылы вакцина алу қажеттігін ескертеді.

Вакцина тұрғылықты жері бойынша барлық егу кабинеттерінде емханаларда тегін жүргізіледі.

Қызылшаға қарсы қосымша имундау кезінде Үндістанда өндірілген қызылшаға қарсы егілмей қалған балалар мен ата-аналары мәдени-бұқаралық іс-шаралардан тыс қалып, ойын-сауық орталықтарының ойын алаңдарына баруды шектегені жөн. Егер, алыс-жақын

# Басты стратегиялық мақсат

Мемлекет тағдырына әрбір азамат тікелей жауапты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін алға тартты. Бұл орайда екіпін макроэкономикалық көрсеткіштерге емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруына түсірілмек.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мақсат үдесінен шығу – жолында ауқымды өнеркәсіп жобаларын тиянақтау күн тәртібіндегі басты міндет. Үкіметке кешенді шаралар легін анықтап, әр өңірдегі инфрақұрылымды дамыту жоспарын пысықтауда. Ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірлескен жұмыс жалғасын табуда. Одан кейінгі жедел міндет – инвестиция игілігін ұтымды пайдалану. Ел Президенті Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Штаб – бұл саладағы ахуалды жақсарту үшін ауқымды өкілетке ие.

Таразы басын тең қылу үшін Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр. Салық халықтан төлем жиімен шектеліп қана қоймай, инвесторға тартымды әрі қос тарапқа да тиімді жағдай орнауы ләзім. Қазына қалтасы да жұқармағаны назарда болғаны абзал. Әлбетте, бұл ретте мемлекеттік сатып алу ісін және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттейтін жаңа заңдар елеулі рөл атқарады.

Осы құжаттар мемлекеттік сатып алу ісінің ашық болуын да қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, экономиканы дамытуға қажетті қаражат қорын қалыптастыруға септігін тигізеді. Көзімемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлу қажет. Қазір бұл секторды жаңғырту шаралары айқындалып, іске асырылып жатыр, – деді Президент.

Жаһандағы экономикалық ахуал республикаға түрлі әсерін



тигізіп тұрады. Турбулентті түйткілдер көзі – қырағы мемлекет үшін, керісінше, соны мүмкіндік. Уағында ара-жігін ажыратып тұрған көңілге мемлекет өкілдері ұтымды ұсыныстарын дер шағында жеткізіп тұрады. Үкіметтің жел кайдан соқса да, желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспарына әр саналы азаматтың мән беріп жүргені де саналы қолдау. Өйткені, тұрғындардың қаржы саласынан қара танығаны әбден маңызды. Құзырлы мекемелердің тұтыну несиесін беру тәртібі мен коллектор ұйымдарының қызметін реттей білуі тұтастай экономиканың көсегесін көгертеді. Бүгінде кредит капиталының көлеміне қатысты талап бес есе күшейтілді. Енді аймақтағы ахуалға тоқта-

лып өтсек. Бір жокты бір жок тұр-теді. Аткарушы билік артаптан ойластырылған іс-қимыл стратегиясы мен өз міндетін тиімді жүзеге асыруға деген ынта-жігері көп жайды бір жақты етпек. Әсіресе, инженерлік инфрақұрылымды толық жаңғырту – өте ауқымды әрі күрделі міндет. Бұл орайда өңір басылығи отын-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды қадамдар жасады. Қарағанды ендігіде кеншілер аймағы, өндірісті өңір болып қана қоймасы анық. Сағат сайын жаңарған жаһан бедерінде қазіргі Қарағанды жаңа технологиялар бағытында қарышты көрсеткіштер көрсетіп тұр. Бизнес саласында да биік белестерді бағындыру үстінде.



Реформа – өміршең өзгерістер

• МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Қауіпсіздік бейқамдықты кешірмейді

Қарағандыда 500-ден астам дәмхана бар екен. Басым бөлігі көпқабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатында орналасқан. Сондағы аспаздар асты пешке пісірмейтіні анық. Әлбетте газ жағады. Жаман айтпай, жақсы жоқ. Газ жарылса, 10 қабатты үйде алаңсыз жатқан қаншама тұрғынға қауіп төнері сөзсіз. 4 қаңтарда Орал қаласындағы дәмханалардың бірінде болған жарылыстан үш адам қаза тапты. Міне, сол қайғылы жағдайдан кейін біршама жұрт үйлеріне жапсарлас орналасқан дәмханалардағы қауіпсіздік мәселесіне үнәлді. Қарағандыда газ құрылғыларының қауіпсіздігіне кім жауапты?

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көгілдір отынды газ баллондармен қолдануға мүлде болмайды. Бұл ереже бекітелі қашан. Талапқа сәйкес газ құбырлармен тартылуы тиіс. Қарағандыдағы дәмханалардың барлығы дерлік газды осылай қолданады. Бірақ, құбырмен тартудың шығынынан, машақатынан қашып, баллонмен жағатындар да болуы әбден ықтимал. Бір жарым ай сайын мамандар тексері жүргізеді.

Газды міндетті түрде құбыр арқылы пайдалану керек. Бұл – әуелі қауіпсіздік. Ал, оған қаражатты аяуға болмайды. Өмірден қымбат ештеңе жоқ. Дәмхана иесі мекемесіне келген қонақтардың да өміріне және денсаулығына жауапты. Жанып жатқан оттың қасында газ бал-

лондарын қоятындар болуы да мүмкін. Соларға осы сөзім жетсе екен. Заң бұзушыларды бұл күнде анықтау мүмкін емес. Сондай басыздықты байқаған тұрғындар болса, бірден мамандарға хабарлассын, – деді жеке кәсіпкер Сабыржан Серазутдинов.

Жіні тексеріс жүргізуге де болмайды. Бұл – заңға қайшы. Тек тұрғындардың шағымынан кейін ғана тексеріс жүреді.

Орта және шағын кәсіпкерлікке жататын нысандарды жіңі тексеріс алмаймыз. Тек тұрғындардың шағымынан кейін шаралар қолданамыз. Заң бұзушылықтарды анықтау оңай емес. Ешкім айыппұл арқалағысы келмейді, әрине. Сондықтан, тұрғындардан атсалысуларын сұраймыз, – деді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бас инженері Әлішер Аманбеков.



Сурет ашық дереккөзінен алынды

# Мектеп мәзірінен мән кетсе...

Қазіргі таңда елімізде бастауыш сынып оқушылары тегін тамақтанады. Дегенмен, мектептердегі асхана сапасы, ас мәзірі, тағам құнары сын көтермейді. Денсаулық сақтау министрлігінің есебіне, елдегі 100 мың баланың 6 400-інде ас қорыту жүйесі бұзылған. Бұл мәселені «Ұлттық мектеп асханасы» бағдарламасы аясында шешу жоспарланып отыр.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Асхана мәзірі көңіл көншітпейді

«Ұлттық мектеп асханасы» әзірге пилоттық жоба ретінде еліміздің оңтүстік өңірлерінде қолға алынады. Кейіннен Қарағанды облысында жүзеге асады деп күтілуде. Қазіргі таңда аймақ мектептеріндегі оқушылар Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен мәзірмен тамақтанып жүр. Ата-аналар оқушылардың мектеп тамағына көңілі толмайтынын айтып жиі шағымданады. Бұл жайлы Тамыз кеңесінің отырысында Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова да айтқан. «Бүгінде еліміздегі балалардың 27 пайызының күнделікті жеміс-жидек жеуге мүмкіндігі жоқ, 20 пайызының мектептегі тамақтануға көңілі толмайды, ал, тағы 20 пайызы дұрыс тамақтанбаудың зардабын шегіп отыр» деді ол.

Баланың мектепте тамақтануына ата-аналар назар аудармайды деуге келмейді. Мәселен, Эльмира есімді қала тұрғыны №39 мектеп-гимназиясында 4 сыныпта оқитын баласының тамағын қандағалытынын айтады.

– Баламнан мектепте не ішіп, жегенін сұраймын. Көп жағдайда мектептен тамақ ішпесе, үйге қарны ашып келеді. Балықты, оның сорпасын ұнатпайды. Бейсенбі сайын сол берілсе, тамақты үйге келіп ішеді. Ол туралы мектеп ұжымына ескертілді, – дейді Эльмира.

Көп аналар мектепке ескерту жасағаннан кейін ғана барып комиссия тексеретінін айтады. Ескертулерден соң асханадағы ас та түзеле бастайды екен.

Облыстық білім басқармасын-

тарызға тартуы – міндетті.

– Өткен жылдың желтоқсан айында білім ошақтарын тексеріп жүріп, «балық сорпасы» мәселесіне кезіктік. Ішкісі келмейтін балалар болған, уақыт өте

алып кетеді, – дейді 45 мектеп-гимназияның аспазшылары.

Көп жағдайда кейбір мектеп асханасын жалға алған кәсіпкерлер «мектеп асханасы мемлекеттік және жеке әріптестікке ұзақ



Коллаж: М. Әбішев

дағалардың айтуынша, қазіргі таңда облыста 1-4 сынып оқушылары, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының 5-11 сыныптарда оқитын оқушылары тегін тамақтанады. Жалпы, аймақта 75 000 астам бала тегін тамақпен қамтылып отыр.

## Балалар неге балық жемейді?

Мектептерде балаларға бір реттік тамақтану нормасы жас ерекшелігіне орай белгіленеді. Мәселен, 6-10 жас аралығындағы бала бір күнде 33 грамм жеміс шырынын, 4 грамм кисель ішуі керек. Ал, 1 грамм ғана жұмыртқа жейді. Мектеп оқушыларының тағамында тұздың ұсынылған мөлшері күніне 5 грамм немесе 1 шай қасықтан аспауы тиіс. Аппалық тағам түрлерінің тізімі жасалып, асхана қызметкерлерінің әрбір тағамды

келе ұнатқандар саны көбейген. Балықты мезірден алып тастай алмаймыз. Денсаулық сақтау ұйымының №320 бұйрығымен бекітілген. Оған қоса, балық бала ағзасына керек. Балықтан сорпа жасамай, бұға пісіріп ұсынуға болады. Мәзірді солай өзгерту жағы мектепті тамақпен қамтитын кәсіпкермен келісіп шешіледі, – дейді облыстық мектепке дейінгі тәрбие және жалпы білім беру бөлімінің бас маманы Құндыз Мұхамеджан.

№45 гимназия мұғалімдерінің айтуынша, бастауыш сынып балаларының мектеп тамағына көңілі толады.

– Мысалы кешегі мәзірге жарма, көкөніс салаты, нан, компот берілді. Бүгін күріштен ботқа, балық котлеті, алма берілді. Балықты сорпамен емес, қарақұмықпен қосып дайындап береміз. Балалар тамсанып жейді, үлгермесе

мерзімге берілетіндіктен, бір жылға ғана жалға алу тиімсіз» екенін айтады. Өйткені, сол аралықта сатып алынған құрылғыларды да ақтап үлгермейді екен.

Ал, нутрициологтар балықтың артықшылығы етінің құрамында екенін біле отырып, балаларына мектепте балық етін жеуді міндеттейді. Теңіз балығында А, D, E дәрумендері мен кальций, йод, темір, магний, фосфор, селен, мырыш бар.

– Балық баланың ағзасын дәруменмен байытып, ағзаны жоғары сапалы ақуызға қанықтырады. Қан ұю қалыпта келеді, холестерин төмендейді, көру қабілетін жақсартады. Тері, шаш, тырнақ, сүйек пен тістің жағдайын жақсартып, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға және нығайтуға ықпал етеді, – дейді қарағандылық нутрициолог Айгүл Есенгелдіқызы.



Реформа – өміршең өзгерістер

## Мектеп мәзірі қандай болуы керек?

Республика бойынша тегін тамақтану құны орта есеппен 577 теңгені құрайды. Жоғары сынып оқушыларының жауабына сүйенсек, асхана мәзіріндегі тағамдардан жиі алынатыны – пицца мен тәтті тоқаштар. Оған міндетті түрде сусындар қосылады.

– Сабақта тамақ ішпесек, әлсіз жүреміз, сосын сабаққа ден қоя алмайсың. Жеуге пицца аламын. Қазіргі таңда пиццаның бір бөлігі – 250 теңге, сусын – 250-300 теңге, тоқаштарды да осындай бағаларға аласың. Шамамен мектепте тамақтануға 500-1000 теңге жұмсаймын, – дейді №101 мектеп-лицейінің оқушысы Айзада.

Сауалнамаға салып көрсек, жоғары сынып оқушылары көбінесе фастфуд өнімдерін сырттан алып келіп жегенді ұнатады екен. Ал, Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 6-9 жас аралығындағы қазақстандық балалардың 20 пайыздан астамы артық салмақпен күрессе, шамамен 7 пайызы семіздікке шалдыққан. Соңғы екі онжылдықта балалар мен жасөспірімдер арасында семіздіктің айқын тенденциясы байқалған. Олар қант диабеті, гипертония, бауыр, бүйрек, ми аурулары сияқты созылмалы аурулары бар көптеген науқастардың қатарын толықтыруда.

Жалпы, ас мәзірін жасаудағы негізгі қағида қатарында 4-5 реттік тамақтану ұсынылады. Тамақ ішу аралықтары 2,5-3 сағатты құрауы тиіс. Ас мәзірі алуан түрлі болған сайын қандай да бір нутриенттер (дәрумендер, минералдық заттар, пайдалы май қышқылдары, биологиялық белсенді заттар) тапшылығының қауіп төмен дейді.

Талап бойынша күнделікті баланың рационында 5 негізгі топ өнімдері болуы қажет. Олар – жармалар, нан (қоңыр ұннан болғаны дұрыс), кейде мақоран өнімдері. Сондай-ақ, көкөністер, жеміс-жидектерді, күніне кемінде 400 грамм тұтыну қажет. Ет, құс еті, балық, бұршақ тұқымдастар, жұмыртқа, жаңғақтар да қамтылуы тиіс. Сүт және ашытылған сүт өнімдерімен қатар өсімдік майының 1 ас қасығы да болуы – міндетті.

«Ұлттық саламатты тамақтану орталығы» президенті Алмаз Шарманның айтуынша, балалардың өсуі, дамуы және аурулардың алдын алу үшін дәрумендермен байытылған майы аз және тірі пробиотиктері бар сүт өнімдерін қосу қажет. Мектеп рационында көкөністер мен жемістердің болуы аса маңызды. Бұл жағдайда құрамында қант, тұз және қаныққан майлары бар, әсіресе өңделген тағамдарды тұтыну мүмкіндігінше шектеп, құрамында қант бар сусындардан бас тарту қажет.

– Көбінесе мектептердегі балаларға қант қосылған сусындар беріледі. Олардың көпшілігінде қант қоладағы мөлшерден кем емес. Мектеп асханаларында қант жемес, компот және шайға артық мөлшерде қосылады. Айтпақшы, шай ішу анемияның даму қаупін арттырады. Бұл әсіресе, жасөспірім қыздарда көп кездеседі. Сондай-ақ, біз мектеп тағамдарына тұздың көп қосылатынын, оның мөлшері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) ұсынған нормалардан бірнеше есе көп екенін байқайды. Тұздың көп мөлшері шұжық секілді өңделген тағамдарда көп кездеседі, – дейді Алмаз Шарман.

Ғалымдар бала тамақтануына аса мән берілуі тиіс екенін айтып дабыл қағуда. «Ұлттық мектеп асханасы» аясында Президент тапсырмасына орай балалар мәзірі қайта қараламақ. Қоғам белсенділері мектеп асханаларындағы қазықтың ұлттық ас мәзіріне 50 ұлттық тағам енгізуді жоспарлауда. Ғасырлық дәстүрге ұласқан ежелден жеткен тәжірибенің нәтижесін күтеміз.



## Ардагер журналист Оралбек ЖҮНІСҰЛЫ – 70 жаста

## Сәулелі сөздің санаткері

Ешбір жан ешқашан ата-анасын, туар өңірін таңдай алмайды. Соған қарамастан өзінің тегіне, кіндік қаны тамған жұртына деген риясыз құрметі мен сағынышы ешқашан басылмайды. Өйткені, біздің халқымыз өз перзенттерінің санасына ата-бабаларының, туған жерінің қадір-қасиетін сіңіріп отырған.

Осындайда өрнекті сөзімен әлемді тамсантқан ұлы қаламгер Мұхтар Әуезовтің «Жер – әңгімеші, жер әңгімеші болған соң, ел – әңгімеші» деген құнарлы ойы еске түседі. Бертінде Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің бір топ депутаттары сол тұстағы Жезқазған облысының аудан-қалаларын аралап, жұртшылықпен әсерлі кездесулер өткізген болатын. Балқаштан шыққан топ Желтаудағы петроглифтерді, Жіңішке өзенінің бойындағы Бөкей ұрпағының «Талдыбейіт» қорымын, Бегазы қойнауындағы Әлкей Марғұлан ашқан қола дәуірінің мазарларын аралап, Шабанбай би ауылындағы Қызыларай тауының іргесіндегі табиғат көркі теңдессіз Әулие алаңына жетті.

Сонда әсершіл ақын, сырбаз тұлға Қадыр Мырзалиев керім көріністен көз алмай, жасыл желектің жұпарына елтіп, айналасына сүйсіне қарап тұрып: «Пай-пай, шіркін-ай! Дүниеде мұндай да сұлу, мұндай да көркем жер болады екен-ау! Талай өлкені аралап, табиғатына тамсанып жүруші едім, сонда да жер жаннаты деген сөз тіркесінің мәнін жаңа ұғындым. Атауы соншама дәл Қызыларай өңіріне аяқ басқан бетте жаным рахаттанды, көңілім шалқиды, рухым асқақтады» деп тебіренгені ойымнан шықпайды.

Бұл өлкені 1913 жылғы маусым айында Әлихан Бөкейханның кеңес беруімен белгілі шығыстанушы ғалым Григорий Потанин аралап, көптеген этнографиялық зерттеу жүргізіп, ауыл ақсақалдарынан 27 ертеқ жазып алған. Сол сапарды қоғытындылап, ол «Тоқырауын өзені жағасында» тақырыбымен тұжырымы терең ғылыми баяндама жасаған болатын.

Сол баяндамасында ол қазақ халқының өз тарихын жақсы білетін көзі ашық, көкірегі ояу зиялы азаматтарының, сондай-ақ мәдениеті мен өнерінің алғыр да көрнекті өкілдерінің қатары көбейгенін, мұндай елдің болашағы зор екендігін сүйіне жазған. Олардың ішінде Ыбырай (Ибраһим-Абай) Құнанбаевтың және Байтұрсыновтың есімдері ғана аталады.

Өлбетте, ол қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысын заманға сай дамыта отырып, арада жеті жыл өткен соң Алаш Автономиясын құрып, өзінің досы Әлихан Бөкейханның оның көсемі (президенті) және премьер-министрі болатынын ол кезде білген жоқ, бірақ Алаш-Орданың Ұлттық кеңесінің мүшесі болып үлгерген еді.

Табиғатынан аяусыз жентесті Сталин бастаған Кеңес өкіметі Алаш көсемінің шексіз беделінен сескеніп, Әлихан Бөкейханды Қазақстанға жолатпай ұстап, ақыры 1937 жылы өлім жазасына бұйырғанын кейінде ғана білдік. Ақтоғай ауданының «контрреволюцияның ұясы» деп атап, бертінде дейін Алаш тақырыбын қозғаудың өзі қатерлі болатын.

Қазақ халқы екінші рет тәуелсіздік алып, жан-жағмызға серке қарай бастаған тұста Ақтоғайда Әлихан Бөкейхан, Алаш көсемдері мен Әсет Найманбайұлы, Күләш Бәйсейітова бастаған өнер дүлдүлдері дүниеге келгені мақтанып тұтып, еңселене бастаған едік. Әлихан Бөкейханның Ресейде қалған ұрпақтарын іздеп тауып, оларды Ақтоғайдағы Алаштың үш арысына арналған ұлан-асыр шараларға қатыстыруға, Ұлытау өңіріндегі Жошы бабаларының кесенесімен таныстыруға себепші болғандығы өзіме тағдыр тартуы деп қабылдаймын.

Дегенмен, жоғары билікке жалтақтау кейінгі кезге дейін сейіле қойған жоқтын. 2016 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Әлихан Бөкейхан жылы деп ресми жарияланғанымен, белгіленген шаралардың өзі



күрделі кедергілерден көмескіленіп, рухани серпіні берілмей өткеніне куә болдық...

Бұларды желдірте тізбектеп отырған басты себеп, ел тарихында болып жатқан ірілі-уақты оқиғаларды саралап-талдап, жұртшылыққа иланымды жеткізетін кез келген қоғамның арқасүйер және ең қуатты дабылшысы – бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде жеке журналистердің дербес деңгейі мен азаматтық батылдығына тікелей байланысты екені бесенеден белгілі.

Осыған байланысты әңгіме өзегін негізгі кейіпкерімізге бұрсақ, сөздің мәйегін тамсанып, көздің майын тауысып, сөз сиқыры дуалаған көрнекті журналист бауырымыз Оралбек Жүнісұлының көпшілік оқырман қырық жылдан бері жақсы таныды. Әрине, қауымның басым бөлігі онымен жүзбе-жүз кездеспесе де, оның мақала-өчерктері арқылы бағалайды.

Өз пайымдауымша, адам өмірінің екінші мүшесі аса маңызды деп есептеймін. Өйткені, осы бір жауапты кезеңде адам тағдырының негізі қаланады: өмір бойғы кітаптардың дені оқылып, білім жинақталады, мектеп бітіріп, мамандық таңдайды, оқу орнын бітіреді, еңбекке араласады, отау тігіп, үйлі-баранды болады, т.т.

Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылында дүниеге келген Оралбек жастайынан ана тілінің қадір-қасиетін білетін, ауызкей әңгімеде бір сөзді желек қактырмай, жерге түсірмей, қақпақылдап әкететін ділмалар мен шешендердің небір тапқыр әңгімелеріне қанып өсті.

Сол ауылдың ертедегі би-шешендерінің, батырларының ұтқыр уәждеріне Қадауысты Қазыбек би дән риза болса, алғыс-баталарына М.Әуезов жоғары баға берген. Мысалы, Абылай хан Майкының Өтемісінен «Жорыққа аттанып бара жатырмын. Батаңызды беріңізші!» деп өтінгенде, «Жорыққа жолың болсын, жолдасың қызыр болсын. Бұл – халықтың батасы. Менің батам – жақсыға жанас, жаманнан адас» деген екен. Риза болған Абылай «Тәңір жарылқасын! Бірінші олжам Сіздікі» деп аттанады. Жеңіспен елге қайтар жолында Абылай хан бір белгілі рубасының Қантбике деген көрікті қызын өзі айттырып, Өтеміске қосқан екен. Ал Өтеміспен бірге туған ағасы Тоқсанбай ұрпағы Ботантайдың Жанғұттысына Өтемістен тараған Шабанбай би «Аллаға жағам десең азанды бол, Ағайынға жағам

десең қазанды бол, Жердей көтерімді бол, Сұдай таза бол, Айналаң суат болсын, Сөзің еліңе қуат болсын, Құдайым сені құлым десін, Халқым сені ұлым десін» деп екі дүниені қамтыған теңдессіз бата берген екен. Сөйткен Ботантайдың Жанғұттысы Құнанбаймен дос болып, үміт күткен баласы Абайға бата беруін өтінгенде, Жанғұтты болашақ хакімге алдымен сынап алу үшін күрделі сұрақтар қойып, жауаптарына ризашылығын білдіріп, бата беріпті.

Оралбек те жастайынан ертеқ-жырларды естіп-оқып, шешен-билердің өнер-өнегесіне сүйсініп, текті бабаларының маржан сөздеріне құлақ түріп, ақын-жазушылардың кітаптарының әр сөйлеміне ден қойып, мерзімді баспаөзді қалт жібермей оқып, батагөй бабаларының алғыстарына бөленіп, ауыл айтқыштарының күлдіргі әзілдері мен ұятты қалжыңдарына қанып өскен. Сол бір шағын ауылдан қазіргі күні дүйім жұртқа танымал талай ақын-жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері шықты. Шағын мақалада оларды санама-лап шығудың өзі мүмкін емес. Олардың барлығына тән қасиет – ауылдарына деген ерекше сағынышы мен ұстаздарына деген құрметі. Олардың әдебиетке деген сүйіспеншілігі мен ұлттың басты сипаты ана тіліне деген ынтасын оятқандарына алғысын білдіруден бір танбайды.

Жасөспірім Оралбек мектеп бітірісімен еш ойланбастан журналист болуды қалайды. Менің пайымдауымша, екі мамандық қана тума талант пен ерекше қабілетті талап етеді. Оның бірі – музыка, екіншісі – журналистика мен әдебиет. Кейінгі екеуі домбыраның қос шегіндей бір-біріне жарасыммен үндеседі. Ал сондай дарыннан ада адам осы екі салаға мылтықпен айдасаң да бастайды.

Жалпы, журналистиканың көркемдік керуенінің жүгі ешқашан жеңіл болған емес. Өйткені, шын мағынасындағы табиғаты таза, терең мақала мен ұтымды, ойлы, тартымды, нанымды эфирлік хабар жан оятады, сезім серпілтеді, алаң ойдан арылтады, бойды сергітеді, еңсені тіктейді.

Еңбек жолын аудандық «Арқа еңбеккері» газетінен бастаған Оралбек тәжірибесі орасан, талабы мықты, тәртіпке қатаң, беделді редактор Смағұл Ыбыраевтың темірдей тезіне көндігіп, әбден ысылады. Ол кісі баспасөздің беделін

түсірмеу үшін ауданның бірінші басшыларының да сөздерінен ықпайтын, өз ойын қаймықпай бетке айтатын, батыл, жүрегі таза, нағыз мінезді редактор болатын. Одан кейінгі редактор талай жыл партия қызметінде болған, мейлінше ұстамды Қасжан Ағеділов болса, керісінше ашық мінезді, кеңпейіл, бірақ тәттіш, талапшыл басшы болды. Оралбек ол тұста Қасым Орынбетов, Төкен Оразбеков, Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкенов, Үмітай Жармағамбетов, т.б. журналистермен қатар қалам тартып, алғашқы мақалалары жарық көріп, журналистиканың қыр-сырын тереңірек ұғына бастады.

Халықта «Қамшы ұл болсаң қолыңда, құл болсаң жоныңда ойнайды» деген мәтел бар. Оралбек те ендігі жерде өз күш-қабілетін, қалам қайратын басқа бағыттарда сынамақ ниетпен республикалық «Ауыл» газетінің Қарағанды, Жезқазған облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметіне ауысты. Бұл оның екі облыс аудандарын аралап, жаңа жерлерді көріп, бейтаныс жандармен жүздесуіне мүмкіндік ашты. Сол тұста жаңадан ашылған Приозерск ауданының «Ленинский путь» газетінің бөлім меңгерушісі болып қабылданды. Бұдан соң қалалық «Балқаш өңірі», «Сырлас» газеттерінің бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарды. Ал 1997 жылдан бастап облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің басында Балқаш қаласы бойынша, одан кейін ұзақ жылдар бойы Балқаш, Приозерск қалалары мен Ақтоғай, Шет аудандары бойынша меншікті тілшісі болды, кейінде Балқаш телестудиясында біраз еңбек етті.

Әрине, журналистік жол айтуға ғана жеңіл, әйтпесе әрбір мақала, очерктегі әр кейіпкердің еңбектегі табысы сырын, жан дүниесіндегі іргелі сәттерді, күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі сырт көзге ілге бермейтін беймәлім жайттарды ашу, оларды тартымды көркем тілмен оқырманды иландыра жеткізу оңай дүние емес. Оның үстіне сусыған заманның ағысында бастапқы азаматтық ұстанымыңнан адаспау да ірілікті сынайтын, әрдайым жинақылықты, кәсібіне адалдықты қажет ететін өмір талаптары.

Оралбектің өзінің өмірі мен еңбегі, ішкі тәртіп пен қатаң жауапкершілік оның күнделікті ізденіске толы еңбегінің жемісті болуына негіз қалады. Осының арқасында жүздеген мақалалармен қатар О. Жүнісұлы сегіз топтама кітап («Бұғылы мен Тағылының текті ұлы», «Сағынатын күн туар», «Қыстың ұзақ таңы атты», «Мені есіңе ала жүр», «Алтын аймақтың адамдары», «Алма ағашы гүлдегенде», «Жұлдыздар із тастап ағады») шығарып үлгерді.

Осыншама қауырт та қарбалас еңбек етіп жүргенде Оралбекті ешқашан қабақ шытып немесе абыржып, әйтпесе біреуге ренжіп жүргенін көрген емеспіз. Көпшілік жиналған ойын-тойларда жақын-жуықтары мен араласқан замандастары әдетте Оралбекке ән айтып бер деп қолқа салады. Орекең болса, өзіне ғана жарасымды жыммыспен ортаға шығып, домбырасын бебеулетте шертіп-шертіп, әдемі дауыспен әнге басқанын талай көріп, сүйсіне тындадық.

Оралбек Жүнісұлы өмір бойғы дабырасыз адал еңбегі мен бойындағы адамгершілік қасиеттерінің арқасында замандастарының құрметіне бөленіп, көптеген ресми марапаттарға ие болды.

Билі Оралбек бауырымыз 70 жасқа толып отыр. Халқымызда 63 жасқа дейінгі мерзімді қалжа жас, одан кейінгі жылдарды олжа жас дейді. Біздің тілейтініміз Оралбектің олжа жасы ұзақ болып, шығар шыны таусылмай, азаматтық абырой тұғыры биіктей түсіп, ұрпағының қызығын көре беру бақыты бұйырғай. Оралхан Бөкеев айтпақшы «Өмір, не деген тамаша едің?» деген сөздері рух берсін деп тілейік.


**Қайырбек СӘДУАҚАСОВ,**  
Қазақстанның Мәдениет қайраткері,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

## Қасиет

**Абзал БӨКЕН,**  
Халықаралық «Алаш»  
Әдеби сыйлығының иегері



Алыстан келсең  
Аңкылдап,  
Алдыңнан шығып тұратын.  
Саудырап тұрған алтыңға  
Сатпайтын әсте мұратын;  
Ақ дастарқанын Асылы,  
Айқара жайып тастайтын.  
Тумысы таза қалпымен,  
Тұнық бір ойға бастайтын.  
Көңілге алаң ісінді,  
Айтқызбай өзі тындырып.  
Жанына жайсыз түсінді,  
Жақсыға жорып, күлдіріп.  
Селдіреп қалған бүгінде,  
Қазақи салттың көзі боп.  
Сары қымыз саба түбінде,  
Қормалды қордың қазы боп.  
Кішілік жолын қатты ұстап,  
Алдыңнан кесіп өтпейтін.  
Шындықты қорғап шақ туса,  
Шегініп әсте кетпейтін.  
Әңгіме тынбай бір түнмен,  
Алдыңнан шықса нөпір көп.  
Жатырқап қалған жұрттыңмен,  
Жалғайтын алтын көпір боп.  
Қара сөз – қару-жарағы –  
Жүргенде жазып жұрт өлен.  
Бөкеновше емес,  
Қаламын  
Бөкеев құсап сілтеген.  
Ашылса – тойдың көркемі,  
Сапырса – ойдың зерені.  
Ақтоғай деген өлкені,  
Ақтангер озық өрені.  
Кеуілің білсін күндесен,  
Мен де бір сондай болам деп.  
Осының бәрі кім десең –  
Жүністің ұлы Оралбек.



## Жаны жайсаң азамат

Адам атаулының жан дүниесінің тамыршысы, сайын далада отарын өрбіткен шопан, сырқат жанға дауа іздеген емші, ұрпаққа білімнің нәрін төккен ұстаз, темір тұлпарын тақымында тізгіндеген механикатор, талантпен тас жарған ғалым, нарықтың құпия құлпын ашып, табыстың тізгінін ұстаған кәсіпкер, домна пешінде құрыш құйған металлург: осылардың бәрі туралы өтпелі уақыттың өзгермейтін тарихын жазып қалдыратын тұлғалар кімдер? Ол қалтасында қаламы, санасында соны ақпараты жүретін ойы ұшқыр, тілі шұрайлы, көзі қырағы, көргенінен танбайтын, жазғанынан қайтпайтын, жаңалық атаулыға алып ұшып тұратын елгезек, оттан да, оқтан да, ақ түтек боран мен құм

дауылдан да қорықпайтын жансөбіл жан – журналист.

Өз басым табиғаты журналиске тән Оралбектің жаратылыс мінезін тылсым құбылысқа теңеймін. «Шіркін, мейірімнің шуағы төгіліп тұратын ұстаз болғанда қай биіктен көрінер еді?!» деп те қиялдаймын. Қалай десек те, өз өмірі өзіне қанағат тұтарлық тәлім болған аптал азаматтығына тәнтімін. Қаламгерге тән төл қасиеттің бір қыры, ақпараттар айдынында тап болған шырығып тұрған түйінді уақиға желісін бірден адуын ашудың жетегіне салып жібермей, адами мінездің сабырмен журналистік сараптаудан өткізіп, түйткілді тарқатып алып «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деген байсалды

ұстаныммен жариялату осы Оралбектің тәсіліне тән құбылыс деп бағалаймын. Бұл ойымды қарапайым адамдардың адал еңбегі мен жетістіктері, ел тынысы мен дәуір жаңалықтары туралы баспасөз беттерінде том-том боларлық толассыз жарияланған тағылымы мол мақалаларына көз тігіп, қайыра қопарып оқып шықсақ айқын аңғарар едік. Бәріміз бастан кешіп жатқан сыры жұмбақ өткініші өмірде өзін сонша мықтымын деп санайтын мінезді адамдардың көбісінің төзімділік пен шыдамдылыққа келгенде ерік-жігерінің шамасы жете бермей, болмашыға шытынап, құбылып кететіні құпия емес. Ал, Оралбектің мінезіндегі тылсым құбылыстың ең құндысы, шаттанып қуанғанда да, қамығып ренжігенде де, қыспаққа алған қиындықта да, жетістікке жеткен жеңістерде де, тай-ғалас, дау-дамай мен

той-думанда да, сыңға түскен пікір-сайыс, додада да, бағыт бақ қалпынан өзгермейтін Арқаның самал желіндегі жанға жайлы салқынқанды сабырлықты, ақкөңілділігі мен биязылығы, жылы жүзі жымнып тұратын көркем мінезі екендігін бағалап, мойындау – парызымыз болса керек. Орынсыз жерге өктемдеп қилі, болымсыз дүниеге бет-жыртысып өкпелеу, кісі ақысына қиянат жасау – Оралбек үшін жат әдет. Ол – өзін қоршаған ортадағы әр қилы әрекеттерге өте қырағы, тәкаппар емес тәубешіл, қатыгез емес кешірімпаз, жан-жағына жайлы, жаны жайсаң, еңбеккер азамат. Ол өмірінің 50 жылындағы журналистік қолтаңбасы алғыстан Ақ Отау тігіп берген, оқырмандары қолметтеп Көк Орда құрып берген талантты қаламгер. «Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей (P.F), ізгілік атаулыны Ақсоң-

ның биіктігінен іздеумен өскен Оралбек ешқашан өзін өзге жұрттан биік санап көрген емес. Алайда, өмір бойы қасықтап жиган абыройын атақ-мансап атаулының бәрінен де биік санайды. Өзімізге сыры мәлім ортада еш пендемен араздаспаған адам екеу болса, соның бірі, ал біреу болса, сол жалғыздың өзі осы, оннан астам шығармалары өз оқырмандарының қозғалымына айналған жазушы, ақпараттар айдынында ақ желкенмен еркін жүзген қарымды қаламгер, журналистер отбасының отағасы, 70 деген кемел жасты қайыспай, қайрат-жігермен бағындырған Оралбек екенін мақтан тұтамыз.

**Тұңғышбай МҰҚАН,**  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі,  
Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы

# Ардақты сөз

Жазушысың босқа өтпеген  
бір күні,  
Азаматсың бұл аймаққа  
белгілі.  
Қадірлісің ағайынға-туысқа,  
Сыйлы жарсың,  
үйде әкесің үлгілі.  
**М.Бөлекова**



Біздің орталық қаламгерлерінің ішінде журналистік шеберліктің ұтымды әдістерін терең меңгерген журналистің бірі де, бірегейі – Оралбек Жүнісұлы ағамыз дер едім. Уинстон Черчилль: «Журналистика – ешқашан ұйықтамайтын және халықтың бостандығын қорғайтын күзетші» деп айтып кеткен екен. Оралбекше тұжырымдасак – дөп сөз осы. Қай жазбасын ашып қарасаңыз да, бірден иіріміне тартып, аяғына дейін оқып шыққанша дегбірліңіз қалмайды. Оқиға желісін өлеңмен өрнектеп, оқырманын тіптен қызықтыра түседі. Оқиға ішінде кейіпкермен бірге жүргендей күй кешесіз, тынысыңыз кеңіп, жүйкеңіздің шаршағаны бірден басылып, жаныңызды ерекше бір рақат сезімге бөлейді. Бейнебір бастаудан ағып жатқан мөйдір бұлақ сияқты, шөліккегендей мейіріңді қандырып, қайта-қайта дамылсыз ішкің келе береді. Жазбаның соңғы нүктесі қойылғанда, шөліңіз қанбағандай әсерде келесі жазбаның күтесіз.

Оқырманын магнитше тартатын журналист халықтың көкейіндегі түйткілдерді тап басып, дұрыс ақпараттың қара сөзге шыншылдығымен айналдыра білгенде ғана қадір-қасиетке ие болмақ. Сөзді суша сапыра бергеннің бәрі журналист емес. Журналистика қоғам үшін жұмыс істегендіктен, шынайылыққа толы маңызды ақпараттар легі ғана дұрыс бағасын

күнде ерлік жасап жүрген еңбек адамдары.

Бүгінгі күні қалам тартып отырған кейіпкерім Оралбек аға 70 деген жетелі жастың бұйдасына ие болып отыр. Осы жылдар ішінде артында қалған ұмытылмайтын өрнекті, өңгелі істері, жұлдыздай жарқырап, оқырманына тартқан сүбелі шығармаларының айшықты іздері менмұндалап тұр. Қолына қалам алып, алғашқы мақаласын жазғанына да жарты ғасырдан астам уақыт өткен екен. Газетке алғаш шыққан мақаласы әлі күнгідей есінде. Өзімен қатарлас мектеп оқушылары түгелі жоғарғы кластағылардың да қы-

Олардың қажырлы еңбектері көркем тілмен суреттеліп, халықтың өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан жандар еді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де шығармашылық жұмысын тоқтатпады, елдің рухани мәдениетін өркендету бағытында сүбелі еңбек етті.

Жалпы, еңбек еткен жылдардағы қажырлы еңбегі ескерусіз қалмады. «ҚР Мәдениет саласының үздігі» атанды. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын алған журналистің бірі. Республика көлемінде сирек берілетін «Ұлт мақтанышы» медалінің иегері болды. Жұмыс барысында жас ұрпақты тәрбиелеуде үздік көрсеткішке жеткен ұстаздар еңбегін үнемі басты назарда ұстады. Жаңашыл бағыттағы мұғалімдердің жақсы істерін үнемі насихаттап, баспасөз бетінде көпке үлгі етіп көрсете білді. Бұл жұмысы назардан тыс қалмады, кеудесіне ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін тақты. 2016 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Одан бері де талай жылдың жүзі өтті. Жақсылығыңды көруге сараң қоғам құны кеткен орденнің бірін беруге қимаған екен. Иә, сұрағандар алып жатты. Емнің сұрау дағдысында жоқтың, атам заманнан солай, мүмкін қанға сіңген тектілік.

Оралбек ағаның бүгінгі ұнататын сөзі – айналайын. Көбіне жасы кішілерге айтады, реті келсе жасы үлкендерге де арналып жатады. Көп есті қоймайтын әлеуеті қушті құдіретті сөз. Естіген адамның төбесі көкке екі елі жетпей қалады. Жүрегінен төгілген мейірімі осы бір ауыз сөзге сыйып тұр. Өлемдегі теңдесі жоқ ең жылы сөз. Өзіңше айтсақ – дөп дегенде дөп сөз.

**Аңғар СМАҒҰЛОВ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

*Біздің орталық қаламгерлерінің ішінде журналистік шеберліктің ұтымды әдістерін терең меңгерген журналистің бірі де, бірегейі – Оралбек Жүнісұлы ағамыз дер едім. Уинстон Черчилль: «Журналистика – ешқашан ұйықтамайтын және халықтың бостандығын қорғайтын күзетші» деп айтып кеткен екен. Оралбекше тұжырымдасак – дөп сөз осы. Қай жазбасын ашып қарасаңыз да бірден иіріміне тартып, аяғына дейін оқып шыққанша дегбірліңіз қалмайды. Оқиға желісін өлеңмен өрнектеп, оқырманын тіптен қызықтыра түседі. Оқиға ішінде кейіпкермен бірге жүргендей күй кешесіз, тынысыңыз кеңіп, жүйкеңіздің шаршағаны бірден басылып, жаныңызды ерекше бір рақат сезімге бөлейді.*

алмақ. Журналистің шеберлігі көрінетіні де осы тұс.

Оралбек Жүнісұлының тағы бір ерекшелігі – қазақы қалыптан айнамай, әр жазбасына, тіпті, жазған әр сөйлеміне үлкен жауапкершілікпен қарайтындығында. Сондықтан да оқырманын жоғалтпаған, өз соқпағынан айнамаған, ел қадірлісіне айналған, жазу-сызудың қаймағын қалқыған қаламгерлер қатарында. Не жазса да сөздің шырайын кіргізе отырып мәнерімен жазды, жауапкершілік жүгін жүрегімен сезе отырып жазды. Кейіпкерлері – жасампаздықтың алдығы шебінде бейбіт

зығушылықпен, қызғанышпен қарағанын ұмытқан жоқ.

Жұмыс арасында жүріп шығармашылықпен айналысты. «Сағынатын күн туар», «Бұғылы мен Тағылының текті ұлы», «Қыстың ұзақ таны атты», «Мені есіңе ала жүр», «Шанқай тұтас», «Алма ағашы гүлдегенде», «Алтын аймақтың адамдары», «Жұлдыздар із тастап ағады», «Ел мен жер» және тағы да басқа кітаптарын оқырманы жылы қабылдады. Өйткені осы кітаптарының кейіпкерлері өмірден алынған, туып-өскен, еңбек еткен жерлеріндегі сан салалы мамандық иелері болатын.

# «Айналайын аға»

Қазақта «Әкен өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деген аталы сөз бар. Мұндай астарлы лепесті басқа тілден әлі кездестірмедім. Бұл сөздің мәнін ұғыну үшін тағдырлы және әкенді іздейтіндей болуы шарт. Рас, әкеден айырылу оңай емес. Бірақ онымен рухтас, дәмдес, сыйлас болған жандардың жер басып жүргені көңіліңе шынымен демей болады екен. Әкем деп отырғаным – ақын Жеңіс Қашқынов.

Ақын әкемді көргендер көп. Бірақ, қазір ол туралы айтатындар және жазатындар аз. Мұны тіршіліктің қызу қарбаластығымен ақтауға болатын шығар. Жалықпай, үнемі еске алып отыратын ағаларым да баршылық. Солардың бірі әрі бірегейі – Оралбек Жүнісұлы.

2003 жылы Қарағандыдағы оқуымды аяқтап, қалада қалғалы тұрғанында, туған әкем Амандық келіп, ауылға «айдап» жіберді. Ол кезде жасым жиырмалан асып, жігіт болып қалған кезім ғой, әкеме қарсыласқым келді. Бірақ, іштегі ыза ауыздан сол беті

шықпады. Басым салбырап, аудан орталығы Ақтоғайға келдім. Әлихан Бөкейхан атындағы мектепте ағылшын тілінен сабақ беремін. Белсенді жас ретінде ауданның түрлі қоғамдық іс-шараларына атсалысамыз. Бір жылы облыстық жастар форумы бізде өтті. Оған жан-жақтан жерлес ағаларымыз да келді. Сол кезде Оралбек ағамен алғаш таныстым. Есім-сойы ел аузында жүрген мұндай қаламгер адамдармен танысқанда, бірінші кезекте алға салатыным – ақын әкемнің аруағы. Жеңіс Қашқынов дегенді естіген Орағамның аузынан шыққан алғашқы лепесі – «айналайын» болды. Бұл табиғатынан жылы сөз ғой. Бірақ, Оралбек ағаның аузынан шыққанда, тіптен, мейірлене, мерейлене түседі екен. Содан менің мыыма «Айналайын аға» деген ұғым берік орнықты.

Жеңіс әкемнің кітабында «Оралбек, Қасымхан, Сағымбай, Бағдат, Елубай, Оралбек, Ғабидендерге» деп інілеріне арнаған өлеңі де бар. Соны толық келтіре кетейін.

## ЖАЙРАНДАП АЛДАН ШЫКСА

Жайрандап алдан шыкса  
інілерім,  
Көргендей болам нұрлы  
гүлін өмір.  
Арқардай ай мүйізді  
өрге баспас,  
Боз өкпе ағалардан түңілемін.  
Лесіп бос дақырттың  
жетегіне,  
Биікке үлкенмін деп  
көтерілме.  
Қоспасаң үйіріңе балғын  
жасты,  
Сөгіліп бірте-бірте кетеді ірге.  
Ойы жоқ, әрекет жоқ  
қалар ықта,  
Құр сөзбен сыйластықты  
жалаң ұқпа.  
Танытса кішіге тән  
кішіпейілдік,  
Жараймын жаға тұтар  
ағалыққа.  
Ақ жарқын инабатты інілерім,  
Апайтөс кесек тұлға ірілерім.  
Көрсетіп адал достық кісілікті,  
Өтеді азаматша сүріп өмір.

# Жорналшының болмысы

... «Орталықтан» «Егеменге» ауысқаным біраз болса да, Нұрмахан Оразбектің бас редакторлық орынтағын басқан Мағауия Сембаймен аралас-құраласымыз тоқтаған жоқ. Бірде ол Астанаға жетіп келсе, бұрынғы үйірін аңсаған саяқтай болып, бірде мен Қарағандыға келемін.

Дәстүрлі қонақ күтудің басы кімнің не жазып жатқанына ауысқанда, Мағаш өз гезитінің тігіндісіне қол созады.

– Міне, қара! Сенің «Егеменіңнің» қолы ұзын болса да, меншікті тілшілеріңнің тісі баптайтын тақырыпты біздің жігіттер бұрқ еткізеді! – дейді танауы желбіреп.

– Кім ол «собкорың?» – деп сауалдатамын.

– Бізде осал «собкор» жоқ. Жезқазғанды Амандық Рахұлы ұршықша іірсе, Теміртаудың қаптаған қазақ еместері Аманжол Ақыннан именіп тұрады, ал, Балқаш өңірін Оралбек Жүнісұлы уысына ұстап тұр! Абыройлары әкімдерден кем емес... Біздің тілшілердің осалы жоқ. Әрқайсысы әлденеше рет кітаптарын да шығарып жатыр, – дейді Мағашым маңғаздана. Сөреде тұрған жуан-жіңішкелі кітаптардың тізбесін иегімен нұсқап. Бас редактор атап отырған жігіттердің бәрін танысам да, тығыз араласпаған соң бірінің шығармашылығын ғана бажайласам, бірінің сырт пошымын ғана біледі екенмін.

Оралбекпен аралас-құраластығымыз шамалы болатын. Журналшыны тану үшін оның келбеті мен киімін, мінезі мен жүрген ортасын білу шарт емес. БАҚ қызметкерінің бар болмысы жазбаларында тұрады. Ол уақытта «Орталықты» Қарағандыдағы үйге жаздырып қойғам. Жолым түскенде балалар газеттің тігіндісін қолыма ұстата берді. Сондағы әр номердің жүгін көтеріп, көзге ұрып тұратын дүниелер Оралбектің жазбалары болады. Газеттің қай жанры болса да, еркін менгерген қаламгер екені бірден ерекшеленіп тұрған соң көңіл аудармаса болмайды.

Осы күні ұмытыла бастаған замандастарымыз жайлы очерк дейсіз бе, көргенін қылақалам шебері сияқты суреттеп беретін жол жазбалары мен репортаждары, тіпті, ең қиын жанр деп есептелетін хабардың өзін ойнатып беретін Оралбектің шығармашылығына деген қызығушылығым сонда пайда болды.

Бертін келе, біраз кітаптары қолыма түсті. Қарағанды университетінде бізбен қатар оқыған Жандос Смағұлов осы күні өз альма-матерінде ұстаздық етеді, профессор атағы бар. Жандостың бір жазбасы да көзіме түсті. Журналист Оралбектің шығармашылығын саралай келе, Жандос айтады: «Республикада демеі-ақ қоялық, барша облыс көлемінде мақалаларына поэтикалық сарында тақырып беретін екі-ақ журналист бар. Бірі – Оралбек Жүнісұлы болса, екіншісі – Төрехан Майбас. Мысалы, «Мен сені сүйемін, өмір», «Жалғасын айт, сол әннің», «Сіздерді сағынамын, ағалар», «Адамдарға сену керек, бауырлар!», «Мерейің биік болсын, құлыным!» деген тақырыпты көрген адам «мынау бір новелла, әссе шығар» деп назарын тіктей қалады...» Ия, жұрт назарын аударатын тақырып қою да үлкен біліктілік. Жазбаның жарты жүгін көтеретін – сол. Мен үшін қазақ журналистикасында тақырып қоюдың шебері Нұрмахан Оразбектен соң Жолболат Ауылбай болып тұрған. Енді ол қатар Оралбектің орамдарымен, Төреханның төкпе де сырлы сөзімен толықты.

...Арқа мен Бетпақ даланың тоғысатын тұсында тұрып жатқан Арғынның бір тармағы Қаракесекте Шабанбай деген би өткен. Бір сөзбен дау-дамайды тоқтатағын, келісті ақылмен жұртты үйіріп отыратын адам болса керек. Зерттеушілердің айтуынша, бұл әулиелі адам қазақтың ұлт көсемі Әлихан

Бөкейхан дүниеге келген Тоқырауын бойында, Ақтоғайдың баурайында дүниеге келсе керек. Жол үстінде келе жатқан Шабанбай би бір ауқатты адамның үйіне түсіпті. Түнде байдың қорасына қасқыр түсіп, бір-екі тоқты-торымын арқалап кетіпті.

– Шабанбай, сен би, қасиетті адамсың. Сен жүрген жерге еш пәлекет жуымайды деуші еді. Мынау енді қалай болды? Құтсыз қонақ болдың ғой, – дейді үй иесі.

Сонда Шабанбай:  
– Еее, байеке, қапа болмаңыз,  
Қасқыр да кетпес ұзаққа,  
Ол да түсер тұзаққа,  
Ізіне түсіп біреуін,  
Шығындаршы қыр жаққа... – деп әлгі үйден аттанып кеткен екен.

Із қуғандар бір төбені етегіндегі қараған арасында қақпаңға түсіп жатқан көкжалды көреді. Сонда мал иесі:

– Опырм-ай, мына Шабанбай тегін адам болмады! Айтқаны айнымай келуін қарасаңыз! – деп таңдай қаққан екен. Шабанбай би, Әлихан сынды қазақтың біртуарлары туған киелі топырақта тура жетпіс жыл бұрын Оралбек деген болашақ сөз шеберінің де кіндік қаны тамған екен. Көріпкелдігі мен әулиелілігі болмаса да, әр сараптамасында, әр новеллаға бергісіз әсселерінде жастарға үлгі боларлық мәжіліс ашып отыратын журналшылар некен саяқ. Өз жерінің, өз елінің болашағына үлкен сеніммен қарайтын Оралбек сияқты өз мамандығына адал адам ғана солай жазса керек. Кейінгі бесон жылда интернет пайда болып, ақпарат тарату

*Жазу білетіні бар, білмейтіні бар, редакторы жоқ мыңдаған жазғыштар ио-кио араласып кетті. Ал, көсемсөз ұстаған, терең сараптамасымен айқындалатын шын мәніндегі кәсіби журналистердің көлеңкесінде қалды. Десек те, салықалы сөзімен, жазбаларынан терең мазмұн мен үлгі боларлық мән-мағынаға толы жазбаларымен ерекшеленетін әріптестеріміз баршылық. Оның біреуі емес, бірегейі – менің досым Оралбек. Зейнетке шығып, немере баққан ата әлі шындық жолынан тайған жоқ.*

қас-қағымдық іске айналды. Жазу білетіні бар, білмейтіні бар, редакторы жоқ мыңдаған жазғыштар ио-кио араласып кетті. Ал, көсемсөз ұстаған, терең сараптамасымен айқындалатын шын мәніндегі кәсіби журналистердің көлеңкесінде қалды. Десек те, салықалы сөзімен, жазбаларынан терең мазмұн мен үлгі боларлық мән-мағынаға толы жазбаларымен ерекшеленетін әріптестеріміз баршылық. Оның біреуі емес, бірегейі – менің досым Оралбек. Зейнетке шығып, немере баққан ата әлі шындық жолынан тайған жоқ.

Бағя қалпы: кез келген оқиғаның ақиқатына жетіп тоқтамайтын, айтар сөзін міскіндетпей, алға қарай төтесінен тартып келе жатқан Оралбек Жүнісұлы.

Жетпісің құтты болсын, Ореке!

**Нұрхан МЫҢБАЙ,**  
Халықаралық Журналистика академиясының толық мүшесі,  
КСРО және Қазақстан Журналистер одақтары сыйлықтарының иегері



Ақын әкемнің риза көңілмен жазған өлеңдегі «кішіпейіл, ақ жарқын, инабатты, адал достық кісілік, жайрандап жүрген» інілері қазір бізге «апайтөс кесек тұлға ірі» аға болып жүр.

2022 жылы Қазақстаннан беле-себетпен барған Түркиядан Астанаға ұшақпен оралдым. Бірақ рейс-сіміз межелі уақытынан екі сағатқа кешігіп келді. Дәл уақытында халықаралық әуежайға барған

Оралбек ағамыз күтіп-күтіп, үйіне қайтқан екен. Кейін соны маған айтқанда таңқалдым әрі риза болдым. «Ағасы бардың жағасы бар» деп осындайда айтса керек.

Қазір Орағамыз туралы ол кісіні өмірде көрмеген адамдар, әсіресе жастар арасында әңгіме бола қалса, «Оралбек Жүнісұлы – фейсбуктағы комментарий алаңында «Айналайын!» деп еместегі үзіліп, өміреніп, жылы сөзін

**Ернат МӘЛСҰЛЫ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



• ТАНЫМ

# Смағұл Сәдуақасов. Еңбек адамы туралы

Тіл тағдыры тақырыпқа тәуелді! Тақырыпты аласпай тура тауып, оның ішкі сырларын аша білу ісінде сөз еркіндігі өркімен өзіндегі барын салуды талап етпек. Қаламгердің бойындағы бары – ары! Тіл трагедиясы қаламгердің хақиқат ісін қағаз бетіне түзу сөзбен таңбалаудан бас тартып, әртүрлі амал-айлаға түскеннен басталады.

Адам алдаушы, аңдушылар туралы Абай жақсы айтқан еді: «Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «Ісіңіз түзулігінен жетпессіз, кісінің амалшы, айпалығынан жетерсің» деген сөз» деп.

Қазақ әдебиетіндегі түзу сөзбен жазылған шығармалардың қатарына Смағұл Сәдуақасұлының «Сібірдегі қазақтар туралы» мақаласын жатқызуға болар. Біздің бұл пікіріміздің растығын дәлелдейтін жығылмас деректер еліміздің мұрағаттарында жеткілікті, оның біразын мақаламыздың мәтінде келтіріп отырамыз.

Негізінде, ғалым Дихан Қамзабекұлы құрастырған Смағұл Сәдуақасұлының шығармаларының үш томдық жинағында берілген қаламгердің «Сібірдегі қазақтар туралы» мақаласы 1920 жылы 25 желтоқсанда «Еңбек туы» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланған болатын. Смағұлдың осы мақаласымен тағдырлары үндес «Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің президиумына» атты мақаласы 1921 жылдың 14 қарашасында жазылыпты. (С.Сәдуақасовтың Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том (Құрастырған Д.Қамзабекұлы). Астана: «Нұра-Астана» баспасы, 2013.- Б. 243-246.)

С.Сәдуақасовтың Сібір төңкеріс комитетінің (Сибревком) заңсыз, теріс ісін сындаған осы бір екі мақаласының негізгі тақырыбы – қазақтың саналы еңбек адамы.

С.Сәдуақасовтың Сібір төңкеріс комитетіне қарата айтылған сыны шынайы орны бар наразылық, заңсыздыққа қарсылық еді. Смағұлдың сөзін растайтын ресми ақпараттардың көбісінің Семейдегі «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығындағы» (әрі қарай – ҚЗТҚО) қорларында сақталуы – заңды іс.

Өйткені, Сібір төңкеріс комитеті өзіне бағыншыты төңкеріс комитетінің бірін 1919 жылдың желтоқсанында Семей қаласында ұйымдастырады. 1919 жылдың 10 шілдесіндегі Уақытша ереже бойынша Семей губерниясында Қазақ даласын басқару мақсатында құрылған Қазақ төңкеріс комитетінің (Кирревком) билігі үстемдік етуі тиіс-тін. Алайда, Сібір төңкеріс комитеті Ақмола мен Семей өңірлерінде өз билігін орнатады да, барлық үздік төңкеріс комитеттерінен өзінің ғана өкімдерін орындауды талап етеді. Мысалы, Семей губерниялық төңкеріс комитеті 1920 жылдың 9 наурызында жолдаған жедел хаттында Қарқаралы уездік төңкеріс комитетіне Қазақ төңкеріс комитетінің өкімдерін Сібір төңкеріс комитетінің рұқсатынсыз орындамауға бұйрық етеді. ( ҚЗТҚО. Қ-72. т. 1 іс-13)

Қазіргі уақытта өткен оқиғаларды, құжаттарды өзі елегеніңізбен Сәдуақасовтың екі мақаласындағы Сібір төңкеріс комитетіне арналған сынының сыры, мақсаты тым теренде, большевиктердің билік үшін күресіндегі саяси қулық-сұмдық, арандатушылық айла-амалын әшкерелеуде жатқанын анықтауға болар.

Сәдуақасовтың «Сібірдегі қазақтар туралы» мақаласының мәтіндік мән-мағынасына тарихи тұрғыдан объективті түрде қарай алсақ, автордың большевиктер партиясының бұрынғы империяның құрамындағы бұратана халықтарға қатысты ішкі саясатын жете ұға білгенін түсінеміз.

Билікке бүлік жолымен келген бұзық большевиктер партиясы бүкіл әлемге еркіндік, теңдік, татулық мұраттарына берілген қоғам орнықтырмағанын жария ете отырып, іс жүзінде тоталитарлық саяси жүйе жасап шықты. Бұлардың саясатын түзу ұққан Смағұл өз мақаласында Сібір төңкеріс комитетінің заңсыз ісін сында ала отырып, сол кездегі Ресейдің ұлттық саясатына ашық қарсылық білдірген еді. Оған Сәдуақасовтың сөзі дәлел: «... қазақ халқының бірігуіне бөгет болған адамдар коммунизмді дұрыстап ұғына алмай жүр. Олардың ойынша, «қазақтың халқына бұрын орнысты жылтыр маңдай төрелері кожа болса, енді жалпы коммунистер кожа болу керек». Олардың ойынша, қазақ халқы – дүлей, қаранғы, меніреу, жуас, түкті білемейді. Сондықтан олар ұйыпалап-сүйпалағанға көне береді.

Жоқ, олай емес! Омбыдан шыққан «батырлар», ондай ойлардың мәзірі өткізіп кетті. Еңбекші қазақ халқы ұйқысынан әлдеқашан оянган. Оның көзі бәрін көріп отыр. Қазақ халқы бұрынғыдай жетім емес. Ақ жүрек, жауынгер ерлері толып жатыр. Олар коммунист болғанда, қазақ халқың құл қылуға болған жоқ, ұл қылуға болады. Қазақ халқының бағындай біреудің топкісіне салғалы болған жоқ, бәлкі көгертуге, жалпы еңбекшілер тобына қосуға болады.

Өз-өзімізді бауыздау бізге тым-ақ қызық емес. Олай болса, қазақтың еңбекшілері бірігеді, көгереді, жасайды».

Сәдуақасов мақаласында «Еңбекші қазақ халқының» бар екендігінің екі мәрте аталуының тарихи мән-мағынасы бар. Большевиктер әуел басында бұратана ұлттар өзін-өзі басқару ісін қолына алады, олардың федерация құрамынан өз еркімен шығуға құқығы сақталады деген уәде беріп, артынан

билікті қолға алған соң шығу еркіндігін пролетарлық диктатура мүддесі шешеді деген айла-желеумен егемендік құқығын шектеп, шегендеп тастады.

Коммунистік партия үстемдік құрған Советтердің қазақ елін ел қылмайтынын анық сезген Смағұл, еңбекші қазақ халқы ұйқысынан әлдеқашан оянганын да көре білді.

Расында да, архив құжаттарына үнілсек, Смағұл айтқан ерте оянған еңбекші қазақ халқы бар болатын, оның бір өкілі Семейдегі «етікші жандарал» атанған Жақсылық Төленұлы еді.

Ж.Төленұлының «етікші жандарал» ата-



нуының себебі оның Сібір төңкеріс комитетінің Семей губерниясында 1919 жылдың желтоқсанында құрған төңкеріс комитетінің мүшесі болуында жатыр.

Біз С.Сәдуақасовтың түзу сөзін зерттеу ісінде Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Дәлелсіз түспе айлаға» деген жолын ұстандық. Сол себептен С.Сәдуақасовтың «Сібірдің қазақтары туралы» мақаласындағы қазақ еңбекшілері туралы айтқан ойларының растығын дәлелдейтін архивтер қорындағы деректерге мәтін бойында арнайы сілтеме жасап отырамыз.

Итжығыс, текетіреспен өтіп жатқан азамат соғысы кезіндегі Түркістан майданындағы Қазақ әскерінің ерекше бөлімінің 1919 жылдың 18 қараша күнгі №80 мәліметі бойынша Семей және Ақмола облыстары Сібірдің уақытша үкіметінің ықпалында болғандықтан Қазақ даласын басқаруға тиісті Қазақ төңкеріс комитетінің өзінің құрылған уақытынан бері аталған аймақтармен ешқандай да байланыс орната алмаған. (Орталық мемлекеттік мұрағат Қ-14. т. -3, іс-4, 2 бет. Әрі қарай – ОММ.)

1919 жылдың 1 желтоқсанында Семейде гарнизон солдаттарының төңкерісі болып, қаладағы Қолчак үкіметінің өкілдері қашып кеткен соң, әскери-төңкеріс комитеті билікті өзінің қолына алғанын жариялайды. Бұл комитеттің №1 хаттамасына сай Алаш-Орданың 3 өкілін шешуші дауыспен комитетке қабылдауға ұйғарады. 16 желтоқсанда Алаш-Орданың өкілдерін комитетке қабылдау мәселесі тағы бір мәрте қаралады. Бұл жолы Семейге Омбыдан Сібір төңкеріс комитетінің өкілі Голиков келіп, уақытша әскери-төңкеріс комитетінің орнына облыстық төңкеріс комитетін құрады да, оның құрамына Алаш-Орданың 2 өкілін қабылдау туралы қатынасты жоғарғы билікке, яғни Сібір төңкеріс комитетіне жолдауды ұсынады. (ҚЗТҚО. Қ-200 т.1 іс.140, б. 9-12)

Семей төңкеріс комитетінің 1919 жылдың 18 желтоқсанында кешкі сағат 7:00-де өткен отырысының №3 хаттамасына сай бұл жолғы жиында Алаш-Орданың өкілдері Ермеков, Әуезов, Дюсебаевтар қатысып отырған. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс-2)

Семейде 1 желтоқсанда Қолчак үкіметіне қарсы төңкеріс ұйымдастырушылардың арасында Әуезовтың танысы, Семейдегі орыс географиялық қоғамының толық мүшесі, әдебиетші Д.Портнягин (1875-1938) болатын. Міне, осы Портнягин Омбыдан келген Голиковпен Алаш-Орда жайында ақпарат берген. Өз кезегінде Алаш-Орданың семейлік бөлімшесі 18 желтоқсанда облыстық революциялық комитеттің құрамына кіруге Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасовқа жазбаша түрде өкілдік берген еді. (ҚЗТҚО. Қ-72 т.1 іс.18)


Ресми актілерге сай 1919 жылдың тамызында құрылған үш кісіден тұратын Сібір төңкеріс комитеті советтік Ресейдің Сібірдегі ең жоғарғы билік органы болып табылатын. Омбыда орналасқан Сібір төңкеріс комитеті 29 желтоқсанда Семейдегі төңкеріс комитетіне мүшелікке ұсынылған Ермеков пен Ғаббасовтардың кандидатураларын бекітпей тастайды да, бұл мәселе бойынша Семейге Сібір төңкеріс комитетінің мүшесі В.Косаревтің келетіндігін хабарлайды.

1920 жылдың 18 қаңтарында Семейге келген Косарев қаладағы қазақ еңбекшілерін жинап, губерниялық төңкеріс комитетіне мүшелікке кандидаттар ұсыну жөнінде бірнеше жиналыстар өткізеді. Жиналыс барысында төңкеріс комитетіне Алаш-Орданың мүшесі Ә.Ермеков пен еңбекшілердің өкілі, бұрынғы шахтер, еңбек адамы, етікші

Жақсылық Төленұлы өтеді. Семей төңкеріс комитетінің 22 қаңтарындағы №30 хаттамасына сәйкес сол күнгі отырысқа Ә.Ермеков, Ж.Төленұлы аталған комитеттің мүшелері ретінде қатысып отырады. (ҚЗТҚО. Қ-72 т.1 іс.21)

Осы Семей төңкеріс комитетінің жаңа мүшесі Ж.Төленұлының 1920 жылдың 4 ақпанында Семейден Орынборға жолдаған жеделхаты Қазақ төңкеріс комитетінің №6 хаттамасына сәйкес 10 ақпан күнінде ресми отырысында қаралады. (ОММ. Қ-14. т. -3, іс-17, 7-бет.)

Жаңағы Ж.Төленұлының жеделхаты



Орынбордағы Қазақ төңкеріс комитетінен өзге Омбыдағы Сібір төңкеріс комитетіне де жолданған болатын. Жеделхаттың авторына жауап Омбыдан Сібір төңкеріс комитетінің мүшесі Косаревтен 10 ақпанда түседі. Косаревтің жауабында «саяси істер бойынша ұсталғандар губерниялық төңкеріс комитетінің 2 мүшесінің кепілдігімен қамаудан босатылуға жатады» делінген. Қазақ төңкеріс комитетінен төрағасы Пестковский болса, Семейдегі төңкеріс комитетіне 11 ақпан күні жолдаған жеделхатында Төленұлына Орынборға келіп іс жайы бойынша ақпарат беруді ұсыныңыздар деп тапсырады. (ОММ. Қ-14. т. -1, іс-104, 1-бет.)

Екі жеделхат – екі тағдыр. Екеуінде де бір тақырып. Қазақ төңкеріс комитеті Семейдегі іске араласа алмайтын болған соң, жеделхат авторының өзін Орынборға шақырады. Ал, Косаревтің жеделхатының тұрпаты бөлек, онда Төленұлына саяси айыппен ұсталған қазақтарды қамаудан босатуың нақты жолын көрсетеді. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс.29)

Ж.Төленұлының Орынбор мен Омбыға төтенше жеделхат жолетуінің себебі сол заманның сайқал, сұрқия саяси мінезінен туған еді. 1919 желтоқсанында Семей губерниясына қарайтын Қарқаралы уезіне басып кірген Төңкерістік-әскери кеңеске тікелей бағынатын 5-ші армияның 59-шы дивизиясының ерекше бөлімі 1920 жылдың қаңтар айынан бастап қаладағы ақ казактардың көрсетілуі бойынша Алаш қайраткерлерін қамауға алып, Семей түрмесіне тоғыта бастайды.

Ж.Төленұлы төңкеріс комитетіне мүшелікке тағайындалған бетте қамауға алынған А.Раимбеков, М.Оспанов, С.Байтенов, Смахан Бөкейханов, Ике Әділов және тағы басқа Алаш азаматтарының босату ісін қолға алып, шұғыл әрекетке кіріседі. Бірінші кезекте казактарды қамаудан босатуға көмек берер деген оймен өзін төңкеріс комитетіне тағайындап кеткен Косаревке 4 ақпанда тікелей жеделхат соғады.

Ж.Төленұлы Омбыдан «деруе қамаудан босатындар» деген тікелей бұйрық болмаған соң 13 ақпанда Семейдегі төңкеріс комитетінің атына жазбаша түрде заңсыз қамауға алынғандардың тізімін беріп, оларды босату туралы өтініш түсіреді. Семей төңкеріс комитеті 14 ақпан күнгі отырысында іссапарда жүрген Ә.Ермеков аралған соң қараймыз деп шешім қабылдаудан жалтарып, мәселені кейінге ысырып тастайды. ( ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 17, 18)

Семейдегі ақпан айында орын алған оқиғадан алыстау жатқан Омбы мен Орынбордағы екі комитет те іске тікелей араласпайды, ал Семейдегі губерниялық төңкеріс комитеті өз басын қорғаумен әлек болып жатқан. Өйткені, Семейдегі қызыл әскер бөлімінің әскери кеңесі 8 ақпаннан 9 ақпанға қараған түні қаладағы барлық билікті басып алып, ресми әкімшілік ғимараттарда тіпті жүргізе бастайды. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 19, б.-74)

Семейдегі әскердің бұл бүлігі – билікке талас еді. Семей аймағын соғыс майданы өтетін шекара деп санаған әскерлер өздерінің билігі үстемдік құрып, жергілікті төңкеріс комитеті оларға бағынуға тиіс деп есептеді. Біздің Смағұл Сәдуақасов «Сібірдегі қазақтар туралы» мақаласында: «Қызыл әскер – совет хұкметінің қорғаны. Қызыл әскер – Русяның еркесі. Кімді де сонікі, тамақ та сонікі, кітап та сонікі, білім де сонікі. Қызыл әскерден қалған мал-мал, жан-жан» деп оқиға сырын біліп жазған.

Біздің пайымдауымызша, бір өзі Семей губерниясының 800 мың қазағының атынан

сөйлеген Төленұлы Жақсылықтың жеделхатындағы жағдай туралы Троцкийге толық жеткізген өзіне тікелей бағынатын 5-ші армияның әскери-төңкеріс кеңесі болар. Өйткені, 13 ақпанда Төленовтің жеделхатына сілтеме жасай отырып, Семейде орын алған жағдай туралы Қазақ төңкеріс комитетінің жеделхаты Орынбордағы 1-ші армияның штабынан тікелей байланыс құралы арқылы 5-ші армияның төңкеріс-әскери кеңесіне жөнелтілгені архив дерегі растайды. (ОММ. Қ-14. т. 1, іс-104, б.2)

Біз, С.Сәдуақасовтың Ресейдің Сібірдегі жоғарғы билік органы болып табылатын Сібір төңкеріс комитетінің заңсыз әрекеттері жайлы сынының орынды екендігіне дәлел ретінде тағы бір жеделхатқа сөз берелік.

Бұл жолғы жеделхатқа қол қойған Сібір төңкеріс комитетінің төрағасы, «Сібір Ленин» атанған И.Смирновтың өзі еді. 27 наурызда Мәскеуден Омбыға Сібір төңкеріс комитетінің мүшелеріне жөнелтілген Смирновтың ашық ақпарат алаңында жария етілген жеделхатына сенсек, большевиктер партиясының орталық комитеті Сібірді облыс қылып жеке шығарып, билік басына Сібір төңкеріс комитетін қойып, оларға аса зор өкілеттіктер берілмек.

С.Сәдуақасовтың «Сібірдегі қазақтар туралы» мақаласында айтылғандай Ақмола мен Семей облыстарын Қазақ төңкеріс комитетіне өткізбей отырған жалғыз Сібір төңкеріс комитеті еместігін Смирновтың Мәскеуден соққан жеделхаты айғақтайды.

Жоғарыда көрсетіп кеткендей Ресейде 1920-1921 жылдары азамат соғысы аяқталғанымен, жалпы елде заңдылық пен құқықтық тәртіп орныға қоймаған кезең. Билік басында Мәскеу мен Ленинград қаласының аш пролетариатын азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде астық пен малға бай Сібірдегі экономикалық тұрғыдан тәуелді еді. Сол себептен Сібір төңкеріс комитетінің қазақтың Ақмола мен Семейін өз уысында ұстап тұруына қарсылық білдірмей, өз тарапынан оларды Қазақстанға қайтару мерзімін жау қолымен созып бақты. Бұл амал-айламы олар Қазақ автономиялық республикасын құру туралы 1920 жылдың 26 тамызындағы Декретпен бекітіп те қойды. Декрет мәтінінде бұл норма келесідей түрде берілген: «Ақмола мен Семей облыстарын басқару ісін өз қолдарына ала алатын Қазақ Республикасының кіндік органдары түпкілікті құрылғанша аталған облыстар уақытша Сібір төңкеріс комитетінің қарауында қала береді». (автор аудармасы)

Ақиқатын айтқанда, тіршілік заңына сай, жалпы қысыға салсақ Совет үкіметінің сөзі түзу болып, Қазақ Республикасын құрмақ ниеті таза болса қазақ елінің барша аймағындағы билігін бірден және түпкілікті бір қолға Қазақ Республикасына беру керек-тін. Бірақ, большевиктік билік қазақ елінің бірігуін қаламай, Семей мен Ақмола облыстарын өз иесіне қайтару мәселесін бюрократиялық тәсілге салып сырғыта берді. Сол себептен, Сәдуақасовтың мақаласын жоғарғы Декреттегі нормалар салыстыра оқысаңыз, Смағұлдың Сібір төңкеріс комитетінің әрекетін тілге тиек ете отырып Мәскеудегі орталық билікті саяси сын тезіне салғанын танысыз.

Сібірліктер де бағы ақ патша заманынан бері өздері жеке дара облыс болмақ идеядан арылмай жүргендіктен Ақмола мен Семейді бауырларына басып қалмақ ойларын тастамаған. Олардың бұл арам үмітінің тамырына балта шапқан С.Сәдуақасовтың ісі болды. 1921 жылдың 14 мамырында С.Сәдуақасов Омбыға келесідей мазмұндағы жеделхат жібереді: «Семейдің мәселесін шешу маған тапсырылған» (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 1, б.-5)

Қазақтың орталық комитеті тапсырған істі Смағұл бұлжытпай орындап шығады. С.Сәдуақасов Семейге келген бетте қаладағы Сібір төңкеріс комитеті сайлаған атқару комитетін 4 маусымда күшпен таратып жіберіп жаңадан қазақ билігіне бағыншыты төңкеріс комитетін құрады. Орынбордағы Үкіметтің ұйғаруы бойынша 1921 жылдың 18 маусымында жаңа төңкеріс комитетінің төрағасы С.Сәдуақасов, мүшелері Левитин, Большаков, Әуезов, Глинский, Полозов, Нұрмақовтар бекітіледі. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 50, б.-50)

Қазақ елін от пен сұға бөлмей, оның көзі мен құлағы бола білген С.Сәдуақасов осы ісімен 1920 жылы коммунист болғанда қазақтың бірігуін қалаған, құл болған қазақтың ұл болуына қызмет ету үшін болғандығын дәлелдеп шыққан. С.Сәдуақасов 1921 жылдың 18 маусымдағы отырыста қазақтарды қызметке тарту мәселесін қойып, Әуезов пен Ванюковқа қамауға алынған қазақтардың істерінің ақ-қарасын қарап, губерниялық төңкеріс комитетіне баяндауға тапсырған. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 50, б.-50)

Бір халықты бірнеше топқа бөліп асатын бүлікшіл топ Алаш-Орда партиясын байлар партиясы деген сылтаумен саяси қуғын-сүргінге ұшыратқаны тарихтан белгілі. Архивтегі тарихи деректерге үнілсек, Алаш-Орда партиясы бір топтың партиясы болмағанын көреміз. Оларды мұқым қазақ, еңбекші халық қолдаған. Түзу сөздің һакімі Абайдың «Алаш» сөзін қолдану ретіне қараса Үлкен кісі бұл терминді «халық», «қазақ» деген ұғым ретінде пайдаланыпты. Сондықтан да, біз Алаш қозғалысын – қазақ елінің халықтық қозғалысы деп қарағанды

жөн санаймыз. Оған бір дәлел ретінде С.Сәдуақасовтың «Сібірдің қазатары туралы» мақаласында қазақтың еңбекшілері бірігеді, көгереді, жасайды деген пікірі де жөн сілтейді. Смағұл сөзінің растығын империя шахталарында кен қазған қара жұмысшы, еңбекшіл етікші болған, Алаш азаматтарына араша түскен Жақсылық Төленовтің ісі де бекіте түседі.

Адам баласының тағдыры қызық қой. Ғұмырдың өзі хақиқат. Өмір заңы қаламгер Сәдуақасовтың мақаласында сөз болған еңбекші қазақпен автор шынайы тіршілікте жолыққанына тоқталайық.

Елге белгілі балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің «Замана белестері» шығармасында Қарқаралы қаласында 1921 жылдың 10 шілдесінде Қазақтың автономиялық республикасының бір жылдығына арналған тойдың өткені суреттелген. Бегалиннің жазуы бойынша жергілікті жұрт ұйымдастырған тойға басшылық көрсеткен Жақсылық Төленұлы мен Мұхтар Әуезовтер болатын. 27 маусым күні Семейдің губерниялық төңкеріс комитетінің төрағасы С.Сәдуақасов Қарқаралы уезінің билігіне тойды өткізуге жеделхатпен рұқсат берген.

Әрине, тойға дайындық ісі алдын ала жоғарылап ұйымдастырылатыны белгілі. Тойға жауапты М.Әуезов болғандықтан ол өзіне көмек берер, тірек болар адам қажет болған соң ол талапқа сай келетін Қарқаралы еліне «етікші жандарал» деген атпен танымал Жақсылық Төленұлы таңдайды. Өйткені, Ж.Төленұлы мен М.Әуезов Семейдегі 1917 жылдағы төңкеріс кезінен таныс, қазақ халқына бірге қызмет еткен, Қарқаралы халқының жағдайын жақсы білетін, Қарқаралыға талай рет қызметтік іссапармен барып, көмек көрсеткен азаматтар.

Алаш қайраткері С.Сәдуақасовтың қазақ еңбекшілерінің өз интеллигенциясымен бірлікте болғаны туралы сөзін іс жүзінде растайтын дәлел бар.

Ол біздің тарихшыларға белгілі 1920 жылдың 13 наурызында билік Алаш азаматтарын қудалай бастағанда оларды қорғай сөйлеген – жеделхат. Қамаудағы қазақтардың құқығын қорғап сөйлеген жеделхатқа М.Әуезов, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытовпен бірге бірінші болып қол қойған төңкеріс комитетінің мүшесі Жақсылық Төленұлы. (Алматы ОММ. Қор-14, т.1, іс-104, б.5-7 жеделхат.)

1920 жылы Семей губерниясында жаңа соттар ұйымдастырыла бастаған уақыт еді. Сол жылдың 22 маусымында Жақсылық Төленұлы Семей уезінің 10-шы учаскесіне сот болып тағайындалады. Көшпелі соттың 10-шы учаскесінің құзыретіне Шыңғыстау, Бөрлі ауылдары да жататын. (ҚЗТҚО. Қ-72, т.1, іс. 19, 21, 34.)

Еңбек адамы Жақсылық Төленұлының ісі мен есімі ресми құжаттардан тыс қазақ әдебиетінде де сақталған. Жақсылық Шыңғыстауға сот болып келгенде Көкбай ақын оған өлең арнағаны әдебиет тарихынан белгілі. Етікші Ж.Төленұлының есімі жазушы Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романында да біздің «етікші Жақсылық» деп аталған. Жүсіпбек пен Жақсылық қызметтес болып, бір-бірін жақын таныған. 1920 жылдың сәуірінде Ә.Ермеков Орынборға ауысып кеткенде оның орнына Аймауытов Семейдегі губерниялық төңкеріс комитетіне мүше болып тағайындалған. (ҚЗТҚО. Қ-72 т.1 іс.80, 114)

Осы Жақсылықты Шыңғыстауда сот болып жүрген жерінен М.Әуезов арнайы шақыртып алып, С.Сәдуақасовтың келісімімен Қарқаралы уезінің 2 учаскесіне 1921 жылдың 7 маусымында сот қылып ауыстырған.(ҚЗТҚО. Қ-266, т. 1, іс.538, 593, 627, 712)

Олай болатын себебі, М.Әуезов автономия тойында сот Ж.Төленұлының Қарқаралы жұртына танымал екендігіне, ел ішінде жағдайын жақсы білетіндігіне, беделіне, біліктілігіне арқа сүйеген және оны сынақтан өткен сенімді серік санаған. Ол туралы тарихшы, жазушы Т.Жұртбай жанжақты жазғандықтан біз оған тоқталмаймыз.

Біздің мақсат – С.Сәдуақасов мақаласының кейіпкері, адал еңбек адамы Жақсылық Төленұлының өмірде шынында болғандығын растайтын, қазақ еңбекшілерінің көзі ашық, ояу болғандығын дәлелдейтін құжаттарды оқымысты оқырман назарына жеткізу.

Жақсылық Төленұлының архивтік құжаттардағы есім-жөні орыс транскрипциясында көбінесе Тюленев, кейде Туленов, есімі Джаксылык деп жазылған. Есімі Жақсылық деп дұрыс жазылған жерлері де бар. Семей төңкеріс комитетінің мүшелерінің тізімінде Тюленев Жақсылық, Ташкент көшесіндегі 42-і үйде тұрады деп көрсетілген. (ҚЗТҚО. Қ-72 т.1 іс-36)

Жақсылық Төленұлы 1974 жылы 92 жасында қайтыс болып, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауы

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

## Шағын шаштараз шапағаты

Шахтинск қаласында жастар кәсіпкерлігі кеңінен қанат жайып келеді. Мұнда өз кәсібін ашам деген жас адамдардың конкурсы ұсынып, жеңімпаз танылған бизнес-жоспарларына қала әкімінің гранты берілуде. Жылдағыдай 2023 жылдың қараша айында өткен осы байқаудың нәтижесінде Шахтинск қаласы әкімінің 1 миллион теңгеден грантын алған 17 қыз-жігіттің арасында 27 жастағы жеке кәсіпкер Әлихан Қыдырмұратов та бар еді.

арзан және үлкен-кішіге бірдей 2 мың теңгеден аспайды.

Аз уақытта осы шаруаға басшылық жасап, шаруасын дөңгелетіп жүргізе бастаған Әлихан алдағы уақытта тағы 1 шаштаразды жұмысқа алып, әйел адам-

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол бұл конкурсы шаштараз ашу жөніндегі жобасымен қатысқан болатын. Сол ойын жүзеге асыру мақсатында осы гранттың ақшасы қолына тиісімен ол көп бөгелмей, қаладағы Жеңістің 40 жылдығы көшесінің бойында орналасқан дүкен үйін жалға алды да, іске кірісті. Әуелі оның ағымдағы жөндеуін жасап, жұмысына қажет құрал-саймандар мен сатып алған жиһаздарын орналастырды. Атап айтқанда, аумағы 46 шаршы метрлік екі бөлмесіне үш-үштен кресло, стол, айна және диван, киімлігіш қойып, қайшы, ұстара, электрқырғыш, шашкепіргіш, әтір, тағы басқадай керек-жарақтарын даяр етті.

Әлихан осылардың бәрін түгендеп болғаннан кейін сол өткен жылдың 3 желтоқсанында жеке меншік шаштаразын ашып, шаруасын бастап та жіберді. Бұл жерде бастапқы бетте ол бірыңғай ер адамдардың сақал-мұртын күзеп, бастырып, ұл балалардың шашын алуы жолға қойды. Сол үшін маман кадрларды алыстан іздеп немесе оқытып әуре болмады. Астана мен Шахтинск қалаларында бірнеше жыл шаштараз болған тәжірибелі дос-жарандары Болатбек Есбергенов пен Бегалы Тұрғыновты тұрақты жұмысқа қабылдаса, жұбайы Ләззат жұмыс орнының тазалығын сақтап, мұнтаздай ұстаумен айналысады.

Жеке кәсіпкердің «Босс» деп аталатын шаштаразы қаланың орталық базарының дәл бүйірінде, кісі аяғы көп жүретін жерде орналасқандықтан да



ертелі-кеш бір босамайды. Таңертеңгі сағат 10:00 мен кешкі сағат 20:00 аралығында демалысыз жұмыс істейтін оларға келушілер көрсетілетін қызметтің сапасы мен шаштараздардың кәсіби шеберлігіне дән риза. Қызмет бағасы да қаладағы осындай салондарға қарағанда

дарға да қызмет көрсетуді жоспарлауда. Сонымен, шахтинскіліктер жас кәсіпкер ашқан осынау шағын шаштараздың шапағатын көруде.

ШАХТИНСК

Суретті түсірген автор

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## Еріктілер елмен бірге

Саран қаласында да еріктілер штабы жұмыс істейді. Сарандық еріктілер шаһардың қарт және жалғызбасты тұрғындарына аула аумақтарын қардан тазартуға көмектесіп, жақсылыққа жаршы болып жүр.



Суреттер облыс әкімінің сайынан

Арқаның қысында дені сау адамның өзіне оңай емес. Қар мен боран коммуналдық қызметтерге ғана емес, қала тұрғындарына да қиындық туғызуға.

Жалғызбасты қариялардың үйлері омбы қардың астында қалып қоятыны мәлім. Олар өз күшімен ақ ұлпаны тазартуға шамасы жетпейді. Мұндай жағдайда оларға

Саран қаласының еріктілері көмекке келеді.

– Жыл сайынғы акция биыл да жалғасын табуға. Егде жастағы адамдар көбінесе ауласын тазалап, қарды шығара алмайды. Біз оларға көмектесеміз. Кеше 10 тұрғынның ауласын тазалауға қол ұшын бердік. Олардың арасында жалғызбасты қариялар да бар, көпшілігі 70-тен асқан ата-әжелер. Бүгін де көмек көрсетуді жалғастырамыз, – дейді Саран жастар ресурстық орталығының еріктісі Дидар Нықаш.

Қала тұрғыны Лидия Лукшина – 85 жаста. Біраз жылдан бері жеке үйде жалғыз тұрады. Оның ауласындағы қарды да еріктілер тазартып берді.

– Еріктілерге ризамын. Ауламды жиі қар басып қалады. Кейде, тіпті, жертенен картоп алып келуге немесе дүкенге шыға алмай қаламын. Еріктілердің арқасында аулам тазарып, сыртқа алаңсыз шыға алатын болдым, – дейді Лидия Лукшина.

Аулаларды қардан тазарту акциясына барлығы 20-дан астам ерікті қатысуда. Олардың көпшілігі үнемі Саран тұрғындарына азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізуге көмектесіп, қаланың қоғамдық өміріне белсенді атсалысып жүрген жастар.

Өз тілшіміден

• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

## Ардагерлер үйі қажет пе?

Бұл мәселе күрделі болғанымен, қоғам мен ресми билік тарапынан мұқият қарастыруды талап ететіндей. Тиісті шешім ардагерлер қауымдастығының нақты қажеттілігі мен мүддесі ескеріліп, қалыптасқан қоғамдық пікір мен қаржылық мүмкіндіктері есепке алынып, қабылданып, ләзім.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жақында теледидардан қарт ерлі-зайыпты туралы әлдебір сюжетті көзім шалды. Олар қартайған шағында танысқан екен. Жалғыз қалған. Бірақ, бір-бірін іздеп тапқан екеуі жұбайлары мен балаларынан айырылған. Қазір ол екеуі көршілес елдердің біріндегі ардагерлер үйінде тұрады. Ал, мұндай Ардагерлер үйі Қарағандыға да қажет, – дейді аты жөнін атамауды құп көрген бір оқырманымыз.



Оқырман ойынша мемлекеттік қарттар үйлері мен жекелеген пансионаттар бар болғанымен, ондағы жағдай көңіл

көңілпейді. Ондағы зейнеткер көбіне қатаң режимде өмір сүреді. Қарт адамға мейлінше мейірімді болуды мақсат еткен ләзім. Жайылық мәселесі де назардан тыс қалмағаны дұрыс.

– Зейнеткерге қолдау көрсететін мамандандырылған орталықтар бар-ау! Оның қызметкерлері аянбай қызмет ететінін көзімізбен көріп жүрміз. Мәселе – заманауи қалыпта. Яғни, қарамағындағы қартаң жандарға қамқорлық ету – тәулік бойы іске асырылса деген ой. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Қарағандыға толыққанды Ардагерлер үйі қажет. Бұл пансионат пен аурухана арасындағы алтын көпір болар еді, – деп дәйектеді сөзін оқырман.

Ал, Сіз қалай ойлайсыз?

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Дәстүр сабақтастығы

Қарашаңырақтың киесі әжеңің алар орны бөлек. №12 жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылған «Әжелер өнері – ұрпаққа аманат» шарасы әже институтын қуаттай түсті. Онда немерелерімен жүн сабау, киіз басу, сырмақ тігу, жіп піру, құрақ құрау, шаш өріп, шашбау тағуды сахналап, көрерменді тәнті етті.

Әжелердің көпшілігі түрлі салада еңбек етіп жүрген жандар. Тағылымды шара барысында олар қызметпен бірге ұрпақ тәрбиесін де ұтымды ұштастырғандықтарын танытты. Ертегі оқуды насихаттаған Толғанай әже мен немересі Мұхаммедқали арасындағы көрініс көңілдің керегесін кеңейтті. Сондай-ақ, Бақыт әже немересі Ханшайыммен, Алмагүл әже немересі Әділмен, Қарлығаш әже немересі Маралмен, Ырсалды әже немересі Әзизамен, Ақбота әже немересі Сезіммен ұлтық салт-дәстүрді дәріптеп, қоғамдағы отбасылық құндылықты сақтауда әжеңің атқарар ролі зор екенін жеткізді.

Әжелер жас буынға бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңестерін айтып, өмірлік

тәжірибелерімен бөлісті.

– Бұл шараның мақсаты – әжелердің ұлағатты ғибрат аларлық сөздерін, әрі өнерін балаларға жеткізу. Әжелерден тәлім-тәрбие, өнеге алуға баулу, салмақты ой айтуға, инабаттылыққа, көрегендікке тәрбиелеуге ұмтылды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қайта жаңғыртып еске түсіру, шығармашылық қабілеттерін арттыруды көздедік, – дейді ұйымдастырушылар.

Гүлжанат ҚАРШЫҒИНА,  
№12 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі

ҚАРАҒАНДЫ

## Мүмкіндікті мұлт жібермеу керек

Химия – күрделі пән екендігі бәрімізге аян. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну керек. Бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әр түрлі заманауи цифрлық платформалар мен әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс.

«Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкіртінің бәрине жемісті ықпал жасайтын болады» деп Д.Менделеев айтқандай, оқушының терең білімді болуының басты шарттарының бірі – мұғалімнен оқушыға берілетін білімнің сапалылығы.

Ұстаз – қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру – мұғалімнің басты міндеті.

Жаңа заман талабына сай сапалы білім беру – өзекті мәселе. Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология қажет. Жаңа технологияны игеріп қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Осындай технологиялардың бірін күнделікті химия және физика сабақтарында жиі

қолданамын. Ақпараттық технологиялардың ішіндегі «wordwall» интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану тиімді.

Мұндай технологияларды күнделікті сабақта тиімді қолдану оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденіп шығармашылық еңбек етуге жол салады. Әдіс-тәсілдерді сабағымызда тиімді пайдалансақ, оқытуда табысқа жетуге негіз әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, тәрбиелеп отырған оқушыларымыздың қабілетін, сауаттылығын дамытуды парызым деп санаймын.


Перизат ҰЛДАХАН,  
№24 мектеп-интернатының химия пәні мұғалімі

БАЛҚАШ

• КӨРМЕ

## Қылқалам ұшындағы Қарағанды

12 қаңтарда Қарағанды елтанбасының авторы ретінде елге танымал суретші Айбек Бегалиннің көрмесі өтеді. Галереяға «Лос-Анджелес – Қарағанды» атауымен біріктірілген 100-ден астам жұмыс қойылады. Өнеруіер қауымға көрмені тегін тамашалауға мүмкіндік бар.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жаңа көрмедегі жұмыстардың көпшілігі Лос-Анджелесте салынған. Онда 8 жылға жуық уақыт тұрды. Былтыр Қарағандыға келдім. Осы уақыт аралығында қалай өмір сүргенімді көрсеткім келді. Сүйікті мотивтерімің бірі – теңіз. Лос-Анджелес маған табиғатты бейнелеуге керемет мүмкіндік берді. Оны «Алтын ғасыр» галереясында көруге болады, – дейді Айбек Бегалин.

Айта кеткен жөн, Айбек Бегалин – ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Суретшілер одағының мүшесі. Суретші график нео-заманауи, реализм стилінде және өз техникасында жұмыс істейді. Оның суреттері «Воскресение» және «Машина времени» рок-топтарының дискілерінде безендірілген. Туындылары Қазақстан, Ватикан, Жапония, Франция, Израиль, Англия, АҚШ, Германия, Италия, Ресей, Куба және басқа елдердің жеке коллекциялары мен мұражайларында орналасқан.



• АТБЕГІЛІК

# Байырғы мен бүгінгінің бабы

Құла түзде құлан құрықтатып, қуырдақ жегізген талай желжетпес хас тұлпарды түлеткен елміз. Бір «Құлагердің» сынының өзі – бір тарих. Мұның бәрі қазақтың атбегілік қырының ерекшелігінде болса керек. Атбегілікті еліміздің әр өңірінде әрқалай атайды. Мысалы, батыс жақта «сейіс», «атсейіс» десе, Шыңжаң қазақтары «сайыскер», «дадагер» дейді екен. Ал, бұған қысқаша түсінік берер болсақ, жылқының дене бітімі мен ішкі ағзалары және мінез-құлқына қарап таныр интелектуалды маман дегенге саяды.



Сурет ашық деректен

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр атбегінің бабы мен бағыты әр алуан. Оның бәрі ат тұқымы мен қабілетіне қарай көрінеді. Кешегі Қобыланды мініп, қол төңкерген «Тайбурыл» атты Құртқа қалай баптады? Ал, қазір сол байырғы атбегілік сақталған ба?

Түндіктен күн көрсетіп, түтікпен су берген «Тайбурылдың» 43 күндік бабы жетпей қазылған ордан сүрінер тұсы бар жырда. Сонда қазіргі атбегілердің бәйгеге 2-3 ай қалғанда жарататын аттары қандай ат болғаны? Бұл турасында Арқаның белгілі атбегі Мейіржан Секеновтің пікірін тыңдасак.

– Жалпы, жылқы жанын түсіну, оны өз жүйесіне көндіру – кызкөңіл нәзіктікті талап етер өнер. Екіншісі атбегі бола бермейді және ат ұстағанның бәрі атбегі емес. Тұрпаты көз тұқыртып, тұрманы алтын жалатылған тұлпардың бабын таба алмай, бағын байлағандар бар. Ал,

жоқтан бар жасап, қан қуып, қотыр тайдан күлік шығарып аламан алдырған бар. «Бап шаба ма, бақ шаба ма?» деген тәміл тегін айтылмаса керек. Енді баптауға келсек, жылқының әр түрі бар. Соысқа, шабысқа, мініске жүретін. Сол шабысқа, яғни, жүгіруге арналған аттардың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Мысалы, қазіргі көптің баптағаны – арғы тегі ағылшын жылқысынан шыққан қолтумалар. Қолтума – шетел жылқысын елімізде құлындатып, құлынды қазақы бапқа келтіру. Қолтуманың өзі бізге жетістік болды. Себебі, бұдан біршама жыл бұрын көп атбегі аттарды шетелден әкеліп қосатын бәйгеге. Сол қолтумалардың бірі жақын, ал, бірі ұзақ қашықтықтың аты болады. Осыны аңғаратын атбегі, міне, сол жанын атағашында қадір бар, босағасына бәйге байланған, – дейді атбегі.

Расында, бап – ол ат тұқымына қарап қылар әрекет. Атақты «Мамайқараның» иесі Секенай Бобекбайдың айтуынша, ұзақ қашықтыққа шабар аттың бабы

мүлде бөлек. Ат егер 100 шақырымға шапса, ол аттың алдымен жілігін толтырады. Жілік толтыру – семірту. Содан әбден ажылық болғанда ұстап, бір күн «таң асырып» мінеді. Алғашқы күннен бастап, аттың ұятын шайып, қансорпа қылып, терлетіп тастамай аяңмен жүрген абзал. Сосын келесі күні демалту керек. Осылай арасына бір күн салып, күнәрапа мінген ат «салбөксе» болмайды. Бабы келгенше жалғастыру керек. Тіпті, кейде аттың жілік май аз болса, 2-3 күн қатар демалтса да болады. Тек 4 күннен асырып демалттар болсақ, ол аттың бабы үзіледі. Әбден машығына жеткен ат болса, оны бәйгеге 1 немесе 2 күн қалғанда 80-90 шақырымға жүргізіп әкелген жөн. Бұл оның бойындағы қанды сұйылтып, тезегін тастатып, ширатуға арналады.

– Ат жарату – бір үрдіс. Соның жанарған түрі, яғни, Еуропалық үрдістігі ат баптау бөлектеу болады. Танерген ерте тұрып, жем-шөбін беріп, мінерге 1 сағат қалғанда атты қаңтарып, шылбы-

рын жоғары байлап қояды. Сосын мінер алдында суарып мінеді. Бір күн аяңмен шектеліп, келесі күні желе шоқытып, одан кейінгі күндері орғытып жүгіртеді. Дәл осы дайындық 2-3 апта жүреді. Күнделікті жем-шөп мөлшері бәйге уақыты таяған сайын шетеріліп, аз беріледі. Өйткені, ағылшын аттары жұқа болғандықтан артық жемі аяғына тез түседі де ақсап қалуы мұң-ақ. Ал, бабы келген тұлпар көлеңкесінен үркіп, құйрық шығыршықтап, иек қағып, белгі береді. Көбір жүні тіріліп, сырты майланып, құндыздай құлпырады. Қос жанары жайнап, сергек, ешпелек күйге түседі. Аузынан сілекей шұбырып, ұйқы басып, қалғығыш күйге енеді. Аппақ болып шығады. Жіні ауағыш келеді. Оттыққа салған шөпті жемей, күнұзақ күнбағысқа ұқсап, күнді бағумен болады. «Нағыз бабына келген жүйрік танертең шығысқа, түсте онтүстікке, кешке батысқа қарап тұрады» дейді үлкендер. Атының осы сырына қанық атбегі мұны аңғаруы керек, – деп түйді атбегі Толсын Бергенев.

Десек те, байырғы баппен қазіргі ат баптаудың ұқсастығы да көп. Көбі көненің ізімен жүріп, байырғы бапқа салады бәйге атын. Оған дәлел – Құлагердің бабы. Сері Ақан Көкше бауырындағы тойларға үнемі атпен қатынаған. Сол қашықтықтарда ол атының бабын да келістіріп үлгерген. Қорамсадай бақуатты әкеден туған соң Ақанның жемі де, шөбі де жанына табылатын еді. Сондығынан болар, Құлагер қосқан бәйгесінен бірінші болмай қайтпайтын. Күндік жерге жүргізіп ат баптау бүгін де кенжелеу болса да, қайта қолға алынды.

Жоғарыда айтылғандай, бап байырғы болсын, бүгінгі болсын, жылқының өзіне тікелей байланысты. Бәйге аттарының біразы тоқтай шапқанды ұнатады (бәйге алдында тойып, шөп жейді). Кейбір күліктер ашқұрсақ жүгіргенде озады. Тағы біреулер атты, не тоқайтпай, не ашықтырмай қосып жатады. Сол секілді еттері аса алынбай (арықтатылмай) қосылатын да аттар бар. Алайда, қазіргі атбегілер мен байырғылардың байланыстырар бір үрдіс бұл «таң асыру» әдісі. «Таң асыру» – жаруда тұрған атты ақшама намазы кезінде ауыздықтап, тізгінге қаңтарып байлап қойып, таң атқанына ұстау. «Таң намазы кірді-ау» дегенде, атты отқа босатып, түске дейін оттатып, түсте тағы кермеге байлайды. Қазақтың «Ат жақсысы кермеде» деген тәмісі осыдан қалған.

• БОКС

## Ең бай боксшының бірі

«Wealth Gorilla» басылымы әлемдегі ең ауқатты боксшылардың тізімін жариялап отырады. Осы жолғы тізімде аты аңызға айналған жерлесіміз Геннадий Головкиннің мансабы барысында тапқан қаржысы арқылы ең бай 20 боксшының қатарына енгені хабарланды.

2024 жылдың қаңтарындағы есеп бойынша Головкиннің байлығы 30 миллион долларға жетіп отыр. Геннадий Головкиннің мансабында өте әсерлі нокауттар сериясы бар екенін айта кеткен жөн. Атап айтсақ, 39 жеңіс пен 35 нокаут. 2010 жылы WBA-ның алғашқы орта салмақтағы чемпиондық белбеуін жеңіп алып, ол белбеуді 21 рет қорғады.

Ең бай боксшылардың бірі ретінде Г.Головкин жеңіске жеткен әрбір жаңа кездесуінде атаққа ие бола отырып, байлығын арттыруды жалғастырады. 2000 жылдардың аяғында Головкин орта салмақта IBF және IBO титулдарын жеңіп алған кезде бұл көрсеткіш айтарлықтай өскен. Өлі де мансабын жалғастырады. Оның жеңке-жектен түскен табысы демешушілік келіссөздермен бірге жоғары жа-лақыға кепілдік беріп отыр.

• ФУТБОЛ

## «Шахтерде» өзгеріс

Қарағандының «Шахтер» футбол клубының жартылай қорғаушылары Юрий Перух, Темур Чогадзе және шабуылшы Роман Мұртазаев бұдан былай кеншілер клубы сапында ойнамайды.

Клубтың баспасөз қызметі ресми түрде осы ойыншылардың клубтан кеткенін мәлімдеді.

– «Сарыарқада» өткізген уақытымды бағалаймын. Алғымын шексіз. Естен кетпес керемет маусымым да осы клуб сапында өтті. Жанкүйерлеріме де ерекше ризамын. Қолдауларыңыз шабыт берді. Клубтың жаттықтырушылар штабы мен басылығына өзімді қоса отырып мүмкіндік беріп, қалыптасуыма ықпал етті, – деді Юрий Перух.



• ХОККЕЙ

## Қос шабуылшы қосылды

Есімдері елге белгілі, шайбалы хоккей шеберлері шабуылшылар Тимур Шингарев пен Александр Коннов «Сарыарқа» құрамын толықтырды.

Тимур Шингарев – Магнитогорск «Металлургияның» тәрбиеленушісі. «Заурале» (Курган) және «Сокол» (Красноярск) клубтарында ойнаған. «Автомобилист» үшін ҚХЛ-да 10 матч өткізіп, 3 (1+2) ұпай жинады. ЖХЛ-да барлығы – 387 матч, 162 ұпай.

Александр Коннов – Хабаровск хоккей мектебінің тәрбиеленушісі. «Гомель» және «Брест» Беларусь командаларына, «Саров», «Ижсталь», «Югра», «Ростов» командалары сапында өнер көрсеткен. ЖХЛ-да барлығы 234 матч өткізіп, 77 ұпай жинаған. 2018-2019 және 2019-2020 маусымдарында ҚХЛ-да «Адмирал» сапында 60 матчта ойнады. Александр осы маусымды «Хумо» командасында бастады, 3 матч өткізіп, 3 шайба лақтырып, 6 пас берген.

Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

• ФУТЗАЛ

# Бұқаралық спортта әлеует зор

Облыста бұқаралық спорт қарыштап, дамып келеді. Әсіресе, футбол мен шағын футбол. Қарағандыда шағын футболдан және футболдан әуесқойлар лигасы бар. Мәселен, Қарағандыдағы «KLLF» деп аталатын лигада 180-нен астам команда бар. Бұл – мыңға жуық адамды қамтыған Қазақстандағы ең ауқымды лига. Ал, «Dostyq legy» деген шағын футбол лигасы енді ғана қарқын алып келеді. Мұнда қазір командалар саны жиырмаға жуықтады.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуды қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз» деген еді. Қарағанды – спорттық аймаққа айналып келе жатыр деп ауыз толтырып айта аламыз. Кәсіби спортшылардан әуесқойлар да қалысар емес. Әуесқойлардан жасқалған шағын футбол мен футбол командалары жеңіс тұғырынан көрініп жүр.



Сурет ашық деректен

### «KLLF – Қарағанды»

Футзалдан әуесқойлар лигасы «Amanat arena» спорт кешенінде өтеді. 2017 жылдың наурызында ресми тіркелген. Ал, алғашқы ойындар сол жылдың қарашасында басталған болатын. Ересектерден бөлек балалар лигасы да бар. Бұл категорияда 60 ұжым өнер көрсетеді. Ересектерде – 120 команда. Лигада 10 санатқа бөлінеді. Супер лигада – 7, жоғарғы лигада – 12, 1 лигада – 12 ұжым кубокке таласады. А, В, С, D, E санаттарының әрқайсысында 12 командадан. 40+те – 17, 35+те – 10.

Қазіргі таңда қалаларды былай қойғанда, ауылдардан да командалар қосылған. Олар өз демешушілерін тауып, кубокке талас жүргізуде. Қарағанды облысынан

бөлек, Ұлытау облысы да қамтылған. Жаңаарқа ауданынан келіп, бағы мен бабын сынап жүрген ұжымдардың қатары уақыт өткен сайын көбейіп келеді екен.

Футзал мамандарының сөзінше, Қарағанды футболы – республика бойынша зор беделге ие. Өңірдің бетке ұстар ұжымы – «Биосфера». «Биосфера» – 2007 жылы құрылған. Содан бері шағын футболдан Қазақстанның 5 рет чемпионы болды. Алған облыс кубогінде есеп жоқ. Ең айтулы жеңістеріне былтыр жетті. Ұлттық құраманың сапын толтырған қарағандылық ойыншылар Біріккен Араб Әмірлігінің Рас-эль-Хайм қаласында өткен алем чемпионатының күміс медалін жеңіп алды. Айта кетейік, сол уақытқа

дейін Қазақстан шағын футболдан мұндай жетістікке жетпеген.

Сонымен қатар, «Биосфера» командасының өз мектебі бар. Сол мектепте жүздеген шәкірт футбол әліпшесін үйреніп жүр. Ата-аналардан, команда ойыншыларының дос-жарандарынан, туған-туысқандарынан жасқалған жанкүйерлер клубы да құрылған. Жанкүйерлер өз командасын қолдау мақсатында Қазақстанның түпкір-түпкіріне баруға әзір.

Біз айттып отырған лиганың негізі 2010 жылы Астанада қаланған. Елорданың өзінде ғана 150-ден астам команда өнер көрсетеді. Қарағандыдағы лига – сол қазақстандық әуесқойлар футбол лигасының филиалы. Облыстық Әуесқойлар

футбол лигасының атқарушы директоры – Бахтияр Бекмурзаев. Оның сөзінше, осы лиганың арқасында өңір тұрғындары жаппай футболға тартылып жатыр.

– Сенбі, жексенбі күндері «Amanat arena» спорт кешеніне келсеңіз, тартысты ойындарға куә боласыз. Жанкүйерлердің қарасы қалың. Бәрі өз командаларын барынша қолдауға тырысады. Кейбіреулер үшін бұл кәдімгі демалыс. Бір сөзбен айтқанда, кешен лық толады. Бұл – қарағандылықтардың спортқа құштар екенін көрсетеді. Біз де барынша жағдай жасаудамыз. Қарағандылық команданың әлемдік додада топ жаруының өзі – аймағымызда спорт қаншалықты дамығанын көрсетеді. Қарағанды – футболдың отаны десек те болады. Инфракұрылым дамып жатыр. «Amanat arena» спорт кешеніндегі екі паркет толықтай FIFA стандарттарына сәйкес келеді. Қазақстан чемпионаты бізде өтеді, – деді Бахтияр Бекмурзаев.

### «Dostyq Football League»

Бұл лига осыдан екі жыл бұрын құрылған. Әуелде 4 команда ғана болған еді. Бүгінде кубокке 16 команда талас жүргізуде. Мұның бір ерекшелігі – алаңда өнерпаздар бақ сынаптындығында. Ақындар, әншілер, асабалар, әзілкештер осында шоғырланған. Ұйымдастырушылар алқасы кәсіби спортшыларды қатарға қоспайды. Қатарда есімі елге белгілі азаматтар баршылық. Мысалы, ақын Қайрат Иманбек пен айттыскер ақын Дидар Қамиев бастаған ұжымдар басы, қасында жүр. Өріптестеріміз де осында.

– Осы лиганың арқасында саламатты өмір салтын ұстанып жүрміз. Алаңда жүгіріп, бой жазып, шынығамыз. Одан бөлек, достарымыз көбейіп келеді. Әр салада еңбек етіп жүрген, өнер көрсетіп жүрген мықты азаматтармен тілдесеміз. Бұл – бір үлкен орта. Келешекте ауқымы одан әрі кеңейсе деген тілек бар, – деді айттыскер ақын Дидар Қамиев.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактордың м.а. –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Бас редактор –  
**Е.К. МҮСАБЕК**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шер, Балқаш,  
Призерс: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13  
Теміртай, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☺

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К21ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№4 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы көлім бойынша**  
«Трипография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**